



**«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйымы
Білім беру бағдарламалары орталығы**

**ТІЛДІК ТӨРТ Дағды БОЙЫНША
БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ТАПСЫРМАЛАРЫ**

Оқу-әдістемелік құрал

Астана – 2014



УДК 373 (072)
ББК 74.268.1 Қаз
К 74

Пікір жазғандар:

Құрман Н.Ж. — *п.ғ.н., М.В. Ломоносов атындағы ММУ Қазақстан филиалы,*
Дәулеткереева Н.Ж. — *п.ғ. кандидаты*

Ақсұлу ҚҰЛМАҒАМБЕТОВА

Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары, оқу-әдістемелік құрал. — 2014. - 54 б.

ISBN 978-601-7239-83-1

Бұл әдістемелік құралдың алғашқы бөлімдерінде тілдік дағдылар туралы жалпы түсініктемелер берілген. Оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамытуға арналған белсенді оқыту тапсырмаларының түрлері де ұсынынып отыр. Тапсырмаларды бірінші (оқыту тілі қазақ тілі) және екінші тілдерді (оқыту тілі орыс тілі) оқытуда қолдануға болады. Тапсырма мазмұнын оқушылардың тілдік деңгейіне сай түрлендіріп отыруға болады. Сонымен қатар бұл құралды бастауыш және жоғары сынып мұғалімдері де қолдана алады.

УДК 373 (072)
ББК 74.268.1 Қаз

ISBN 978-601-7239-83-1

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
«Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы, 2014



МАЗМУНЫ

Алғы сөз.....	4
I. Тілдік тәртіп дағды туралы жалпы түсінік.....	5
II. Белсенді оқыту тапсырмалары	20
1. Жануарлар.....	20
2. Саяхат	24
3. Аяу райы.....	27
4. Фылыми фантастика	29
5. Қоршаған орта.....	32
6. Салауатты өмір	37
7. Көңіл-күй	43
8. Тағамдар	49



АЛҒЫ СӨЗ

«Жан дүниесінде тіл үйрену басты жұмыс емес, жанама жұмыс болғандықтан, бала әуелі тәжірибеге талпынып, нәрсемен танысып, сонан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, тілге үйренсін».

Ж. Аймауытов

Әлемдік тәжірибе бойынша тілді тиімді меңгерту төрт дағды арқылы жүзеге асырылады. Оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым дағдылары коммуникативтік дағдылар болып табылады. Аталған дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету жолдары, яғни ерекшеліктері бар. Сабақты аталған дағдылар ерекшілігін ескеріп құру, тілді тиімді меңгеруге септігін тигізеді. Коммуникативті дағдыларды басшылыққа алып оқыту функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Грамматикалық білім тілдік төрт дағдыны қалыптастыру барысында жүзеге асып отырады. Оқушының әдеби тіл нормаларын дұрыс және орынды қолдана білуіне үлкен мән беріледі. Ал лексикалық тақырыптар белгілі бір тақырыптар аясында оқушылардың сөздік қорын байытта отырып, сөздердің мағынасын түсінуге, мақсатқа сай орынды қолдануын жүзеге асырады.

Бұл әдістемелік құралды жазудағы мақсат — мұғалімдерге тілдік дағдыларды меңгертуде әдістемелік жағынан көмек көрсету. Аталған дағдылар туралы ақпараттар Кэмбридж басылымдары «The TKT course» (Cambridge University Press, 2011) және терминдерге анықтама «The TKT glossary» (UCLES, 2011) кітаптарынан алынды. Бұл кітаптарда айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым туралы негізігі түсініктер мен оны ұйымдастыру жолдары берілген. Сонымен қатар осы дағдыларды меңгертуге арналған сабак үлгілер мен белсенді оқыту тапсырмалары ұсынылып отыр.

Жазылым, оқылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын сипаттау барысында қазақ тілінің тілдік ерекшелігі және қолданыстағы терминдері ескеріліп, аударылды.



I. Тілдік төрт дағды туралы жалпы түсінік

Айтылым дегеніміз не?

Айтылым тілдік төрт дағдының бірі және ол жазылым сияқты продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни тілді қабылданап үйренуден гөрі оны қолдану, сөйлеу көрініс тауып отырады. Қарапайым тілмен айтқанда, айтылым дегеніміз – өзге адамдармен қарым-қатынасқа тұсу барысында ойымызды жеткізу үшін тілдік бірліктерді қолдану.

Сөйлесу барысында кейбір біз әрекеттерді жиі қолданамыз және олардың тізімі төмендегідей:

1. Сөздерді дыбыстау
2. Сұрақтарға жауап беру
- 3. Интонацияны қолдану**
4. Бірнәрсені түсінбеген жағдайда **түсіндіріп беруді өтіну**
5. Сөйлеген сөзін **бақылау** және өзін-өзі түзетіп отыру
6. Пікірталасқа қатысу
7. Сөйлеу барысында **қажетті стильді қолдану**
8. Дилогқа қатысу (әңгімеге араласу)
9. Адамдармен **сөлемдесу**
10. Сөйлеу сөзін жоспарлау (презентация жасау барысында)
11. Жест, мимиканы қолдану
12. Ақпаратты сұрау немесе айту
13. Грамматикалық тұлғаларды қолдану
- 14. Сөз және сөйлем екпінін қолдану**
15. Сөйлеуші сөзін аяқтаған кезде, кезек алған сөз бастау
16. Оқиғаларды баяндап беру
17. Тілді сауатты қолдану
- 18. Сөйлемді қайта құрастыру (перифраза),** яғни бірнәрсені айтып берудің басқа жолын қарастыру.
19. Сөйлеушінің сөзін бөлу
20. Сөйлеу барысында **кідіріс жасап отыру**

Жоғарыда айтылған тізімнен шығатын **айтылымның ішкі дағдылары** мынадай:

- Грамматиканы, сөздерді және **қарым-қатынасқа тұсу функцияларын** (қарым-қатынасқа тұсу себебі мен мақсаты, мысалы: **сөлемдесу, кенес беру, кешірім сұрау, т.б.**) қолдана білу;
- Сөйлеу барысында қажетті стильді қолдана білу;
- Сөздерді **дыбыс ұндестьігінің** ерекшелігіне сай айта білу;
- Вербалды емес тілді қолдана білу (ым-ишара, мимика);
- **Мәтін түрлерін** (**жаранама, хат, мақала**) жаза білу;
- **Ауызша фluenttіlіk** (**нормаға сай жылдамдықта, аздаған kіgіrіспен, қайталаулармен өзін-өзі түзете отырып** сөйлесе білу және дыбыс ұндестьігін табиги түрде қолдана білу);
- Интерактивті стратегияларды (**сөйлесу барысында адамдарды қызықтырып, тілдесуге тартудың жолдарын білу**) пайдалана білу.

Айтылымның ерекшелігін білу мүғалімге оны терең дамытуға, әртүрлі әдістәсілдерді қолдана отырып сабакты жоспарлауға мүмкіндік береді.

Айтылымды сыйнапта қолдану

- Айтылым әртүрлі ішкі дағдыларды қамтиды. Оқушылардың айтылымдағы жетістігі олардың әрқайсысын практикалық жаттығулар арқылы дамыту арқылы көрініс табады. Яғни айтылымның белгілі бір аспектіне назар аударып, практикалық



жұмыстарды жүйелі жүргізу арқылы оқушыларға көмектесуге болады. Мысалы: интонация, фluentттілік, сөздерді қолдана білу, т.б.

- Бастапқы уақыттарда айтылым дағдыларының көп бөлігін жаттықтыру барысында **бақылауға алынған практика** әдісі қолданылады. Ол жаттығуларға **сөздерді ауыстап айтуды**, қайталау және сөздерді жаттап айтуды (**есте сақтау**) сияқты әдістер жатады. Бұл оқушыларға сөздерді, олардың дыбысталуын, грамматиканы айтылым барысында сауатты қолдануға көмегін тигізеді. Сонымен қатар қолданып тұрған сөздерінің дұрыс екенін білу оларға сенім ұялатады. Бұл әдістен басқа **жартылай бақылауға алынған практика** және **еркін практика** сияқты әдістер бар. Оларды кесте арқылы салыстыра отырып түсініп көрелік.

<ul style="list-style-type: none">Бақылауға алынған немесе шектелген практикалық жаттығу – сабак барысында оқушылар тілдік бірліктің белгілі бір түрін ғана қолдануды үйренеді.Тілді сауатты қолдану үшін практикалық жұмыстар жүргізіледі.Жаттығулар тілдің белгілі бір формасына ғана негізделеді.	<ul style="list-style-type: none">Жартылай бақылауға алынған практикалық жаттығу – оқушыларға белгілі бір тілдік бірлікті қолданумен қатар өзге де форманы таңдау мүмкіндігі беріледі.Тілді сауатты қолдану және қарым-қатынасқа түсін практикалық жаттығулар үйимдастырылады.Тапсырма өмірге қажетті жағдаяттарға негізделеді.	<ul style="list-style-type: none">Еркін практикалық жаттығулар – қарым-қатынасқа түсуге қажетті еркін практикалық тапсырмаларды қамтиды.Тапсырмалар еркін сөйлеу тақырыптарына негізделеді
• Жаттығу -1	• Жаттығу -2	• Жаттығу -3
<p>Төмендегі сөйлемдерге үнаптамын және үнайды сөздерін қойып, айтудың көр!</p> <ol style="list-style-type: none">Мен гүл өсіргендіМаған гүл өсіргенМен шахмат ойнағандыМаған балық аулаған	<p>Сен үшін ең жақсы демалыс сөтін сипаттап айтудың көр!</p> <p>Төмендегі сөздерді және болжалды келер шақ жүрнагын пайдаланып! -ар; -ер; -р.</p> <p>Мысалы: ...қызырар едім, ...барар едім, ...көрер едім, суретке түсірер едім, ...саяхаттар едім, ...дем алар едім.</p>	<p>Қазір екі топқа бөлініп, «Мектеп формасы оқушы еркіндігін шектейді» деген тақырыпта пікірталасқа түсесіздер. Кек шаршыны суырып алғандар, «Иә, келісеміз» деп аргументтерін ұсынады, ал қызыл шаршыны суырып алғандар қарсы пікір айтуды, өз дәлелдемелерін ортага салады.</p>

- Бақылауға алынған жаттығуларда мұғалімде оқушы қателігін түзетіп отыра алады, себебі бұл әдістің мақсаты сауатты сөйлеуге үйрету. Фluentттілікті дамыту барысында оқушы қателігін бірден түзетпеген дұрыс. Солай жасаған кезде ғана оқушы өз ойын жеткізіп, коммуникацияға түс алады. Ал кеткен қателіктерді жазып алуды (өсіресе сыныпқа ортақ), жаттығудан кейін сыныппен бірлесе отырып түзетуге болады.
- Фluenttтілікті жаттықтыру кезінде оқушылар сөйлеу тақырыбын өздері таңдай алады және оны дамытуға арналған жаттығулар жоба жұмысы, пікірталас, мәселені шешу, себебін анықтау сияқты тапсырмалардан тұрады. Бұл тапсырмалардың барлығы да оқушыларға жаңа ақпараттарды бір-бірімен бөлісуге және қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік береді.
- Тілді жаңадан меңгеріп жүрген оқушылар үйренген сөздерін айтудың кезінде қолдануда уақытты қажет етуі мүмкін. Кейбір сыныптар, өсіресе, жаңадан үйренушілер, ұнсіздік кезеңін бастаң өткөреді. Сол себепті де бастапқы уақыттарда оларға тілді көбірек тыңдауға, үйренуге уақыт беріледі, яғни сабак барысында үнсіз, жай ғана тыңдаушы ретінде отыруына рұқсат етіледі. Алайда олардың түсінген



түсінбегендігі ым-ишара қолдану арқылы тексеріліп отырады. Мысалы, егер оқушы түсінсе басын изейді, қолмен көрсетеді.

- Айтылымға арналған сабақ құрылымы төмендегідей:

 - Kіріспе:** сабақ тақырыбын таныстыру және сол сабаққа қажетті жаңа сөздерді немесе тілдік форманы үйрету.
 - Негізгі бөлім:** Жаңадан үйренген сөздерді немесе тілдік форманы жаттықтыруға арналған тапсырмалар. Бұл жаттығулар бақылауға алынған практикалық жұмыстардан бастап, жартылай бақылауға алынған практикалық жаттығуларды қамтуы мүмкін. Оның барлығы сынып деңгейі мен сабақ мазмұнына байланысты.
 - Бекіту бөлімі:** оқушыларға тақырып аясында еркін сөйлеуге және үйренгендерін қолдануға мүмкіндік беретін тапсырмалардан тұрады.

Айтылымды жаттықтыруға арналған сабақ үлгісі:

Сабақ мақсаты: Шаблонды сөйлем үлгісін пайдалана отырып, «Менің сүйікті ісім» тақырыбы аясында жаңа сөз тіркестері мен етістіктерді үйрету.

1-тапсырма. Суреттерге қарап, сөздермен танысып шығыңыз.

 <p>балық аулау</p>	 <p>гүл өсіру</p>	 <p>ән салу</p>
 <p>сурет салу</p>	 <p>суретке түсіру</p>	 <p>Ән жазу</p>

2-тапсырма. Алдыңғы тапсырмадағы сөздерді көп нұктенің орынан қойып, өз жүбінізбен кезектесіп айтып көрініз.

Менің сүйікті ісім – ақ аулау.

Менің сүйікті ісім-



3-тапсырма. Тағы да жаңа сөздермен танысып шығыңыз.

 шахмат ойнау	 коньки тебу	 тауда демалу
 кесте тігу	 волейбол (баскетбол) ойнау	 сөзжұмбақ шешу

4-тапсырма. Енді жаңа сөздерді шаблонға қойып, жазып шығыңдар. Эр мысалға кемінде 5 сөз

Үлгі: Мен гүл өсіргенді ұнатамын.

Сен нені ұнатасың?

Мен гүл өсір + ған, ген + ды, ді ұнатамын.

етістік + қан, кен + ты, ті

Мен ұнатамын.

Мен ұнатамын.

Мен ұнатамын.

Үлгі: Маған гүл өсірген ұнайды.

Саған не ұнайды?

Маған гүл өсір + ған, ген ұнайды.

етістік + қан, кен

Маған ұнайды.

Маған ұнайды.

Маған ұнайды.

5-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жұбыңмен бірге жауап беріп көр!

- Сениң сүйікті ісің не?
- Сен нені ұнатасың?
- Саған не ұнайды?
- Сүйікті ісің несімен қызықты?

Жазылым дегеніміз не?

Жазылым **продуктивті дағдылар** қатарына жатады. Яғни продуктивті дағды дегеніміз тілді қолданып сойлеу немесе жазу. Қарапайым тілмен айтқанда, жазылым хабарды қағаз бетіне түсіруді қамтамасыз етеді. Жазу арқылы коммуникацияға түсү үшін біз әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрай алуымыз керек, ал сөйлемдерді топтастыру арқылы біздер өз ойымызды жеткізе аламыз.

Жазылым түрлеріне мыналарды жатқызуға болады: тізім жасау, құттықтау қағазы, электрондық хат, күнделік, хабарлама, әңгімелер, эссе және т.б.



Әр жазылымның өзіне сай ерекшелігі болады: **жазу стилінің** деңгейлері: **ресми** (ғылыми, іс қағаздар стилі) және **бейресми** (аудиокеңістік сөйлеу сөздері, хабарламалар); қағаз бетінде орналасу тәртібі; ақпараттарды орналастыру реті; мәтіннің ұйымдастырылуы.

Жазылымның ішкі дағдыларын екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – **сауаттылық**, ал екінші тобы – **идеяны (ойды) жеткізе білуі**.

Сауаттылыққа қатысты дағдылар:

1. Орфографиялық қатесіз жазу;
2. Әріптерді дұрыс және қосып жаза білу;
3. Пунктуацияны дұрыс қолдану;
4. Қағаз бетінде дұрыс орналастыра білу;
5. Сөздерді дұрыс таңдай білу;
6. Грамматиканы дұрыс қолдану;
7. Сөйлемдерді дұрыс байланыстыра білу;
8. Абзацты (жана азат жолдан басталған, бір идеяға ғана негізделген көлемділеу жазылым бөлігі) дұрыс ұйымдастыра білу.

Идеяны жеткізе білуге қатысты дағдылар:

1. Стильді дұрыс таңдай білу;
2. Идеяларды жүйелі ұйымдастыра білу;
3. Мәтін түрлерінің ерекшеліктерін қолдана білу және мағынасын жеткізе білуде қажетті функцияларды пайдалана білу. Функцияларға баяндау, шағымдану, өтініш білдіру, алғыс айтуды, қысқарту (*бірнеше сөздермен негізгі идеяларға тоқталу*), қорытындылау жатады

Жазылымда қарастырылатын тағы да бір екі аспект- **үйлесімділік пен жүйелілік**.

Үйлесімділік дегеніміз сөйлеу және жазу тілінде грамматикамен сөздердің логикалық үйлесімде болуы. Ал **үйлесімділік құралдарына** ұстеулер (кейін, сосын, келесі); есімдіктер (ол, сол, бұл,); шылаулар (дегенмен, әйткенмен, себебі), т.б. жатқыза аламыз.

Жүйелілік дегенге келетін болсақ, ол оқырманға түсінікті болу үшін жазу тіліндегі идеялардың жүйелі және логикалық дұрыс байланыста болуы.

Сыныпта белгілі бір жазылым тапсырмасын толық орындау үшін бірнеше қадамдар жасалады:

1. Әуелі жазғың келетін нәрсенің мақсатын анықтап алу (тақырып, идея, оқырман, стиль, жанр).
2. Ойынды дұрыс жеткізуі жоспарлау.
3. Шимай нұсқасын (өзгертілуі мүмкін жазылым түрі) жазып көру.
4. Түзету (қателерді түзету және мазмұнын толықтыру).
5. Тексеріп шығу (сауаттылыққа тексеру және түзеу).
6. Дұрыс нұсқаны (екінші немесе соңғы нұсқаны жазып шығу) жазу.

Жазылымды үйретудің бірнеше жолдары бар. Солардың ең бастылары **продуктивті жазылым және процесті жазылым**.

Егер үлгі беру арқылы жазылымды үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз. Яғни оқушыларды жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып, мәтінмен жұмыс жасатуы керек. Белгілі бір жазылым мәтіні, оның мазмұны, лексикасы, стилі және құрлымымен таныстырып, талдау жасату керек. Сонымен қатар үлгілер оқушыға қалай жазуы керек туралы идеяны да береді.

Ал егер де мұғалім оқушыларға жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасауды қамтамасыз етсе, бұл процесті жазылым деп аталады. Толығырақ айтқанда, оқушыларға тақырыпты талқылаудан бастап, жазылымды жоспарлау, алғашқы нұсқасын



жаздырту, түзету, тексеруге, соңғы нұсқасына дейін орындана отырып, белгілі бір мәтінді құрастырту. Бұл оқушыларға жазылымның әртүрлі аспектілерін кез келген уақытта жаза білуге дағыландырады. Мысалы, жоспарлау кезеңінде идеяларды ойлап табады және ұйымдастырады, алғашқы нұсқасын жазу кезеңінде өз ойларын жеткізу үшін қажетті сөздерді, сөйлем құрылымдарын іздейді, түзету және тексеру кезеңінде жазылымның ұйымдастырылуы, сауаттылығы, ондағы идеяларды бағалайды, яғни өз жұмысының артықшылығы мен осал түстары туралы ойлануға мүмкіндік береді.

Абзацты жазуға негізделген сабак үлгісі

1. Оқушыларға тәмендегі мәтін ұсынылады.

Сұт — адам организміне өте пайдалы сусындардың бірі. Құрамындағы кальций сүйектер мен тістердің дұрыс дамуына әсер етеді. Магний, калий, фосфор және натрий мөлшері басқа сусындармен салыстырғанда біршама жоғары. Цинк жыныс жолдарының ауруларының алдын алуға септігін тигізсе, йод қалқанша безінің жұмысын жақсартып, иммундық жүйеге әсер етеді. Майсыздандырылған сұт бірнеше диета түрінің негізі болып саналады. Себебі ол белоктар бай және аппетитті болдырмайтын қасиетке ие. Қорыта келе, сұт - адам денсаулығын нығайтатын бірден-бір қажетті тағам.

Мәтінді оқып шығып, тәмендегі сұрақтарға жауап бер

1. Абзацқа тақырып болатын сөйлемді тауып көр және астын сыз.
2. Тақырыптық ойды қолдаушы сөйлемдер тауып, астын сыз.
3. Келтірілген мысалдар немесе фактілер болатын сөйлемдер қайсы?
4. Қорытынды сөйлемді тауып, астын сыз!

2. Мұғалім нұсқасымен салыстырыады.

Сұт — адам организміне өте пайдалы сусындардың бірі. Құрамындағы кальций сүйектер мен тістердің дұрыс дамуына әсер етеді. Магний, калий, фосфор және натрий мөлшері басқа сусындармен салыстырғанда біршама жоғары. Цинк жыныс жолдарының ауруларының алдын алуға септігін тигізсе, йод қалқанша безінің жұмысын жақсартып, иммундық жүйеге әсер етеді. Майсыздандырылған сұт бірнеше диета түрінің негізі болып саналады. Себебі ол белоктар бай және аппетитті болдырмайтын қасиетке ие. Қорыта келе, сұт - адам денсаулығын нығайтатын бірден-бір қажетті тағам.

Абзац жазудың негізгі шарттары

- Мәтіндер негізінен бірнеше абзацтан тұрады
- Бір абзацта бір ой толықтай ашып жазылады
- Әр абзац тақырыптық сөйлемнен, қолдаушы сөйлемнен және қорытынды сөйлемнен тұрады.
- Тақырытық сөйлем — абзацтың негізгі идеясын көрсетеді
- Қолдаушы сөйлемдер — тақырыптық сөйлемдегі ойды ашатын сөйлемдер
- Қорытынды сөйлем — абзацтағы ойды қорытындылайтын сөйлем
- Сонымен қатар, ойды толықтыру үшін деректер мен мысалдарды да қосуға болады.
- Ең бастысы абзац жаңа азат жолдан басталып жазылады.

Мысалы:

Тақырыптық сөйлем:

1. Майлы тағамдар асқазанға зиян.

Қолдаушы сөйлемдер:

2. Тағам ретінде оларды көп қолдану оның бұзылуына әкелуі мүмкін.
3. Кейбір жағдайларда семіздікке әкеліп соқтырыады
4. Сонымен қатар, жүрек-қан тамырларына да әсері бар

Қорытынды сөйлем:

5. Денсаулықты күтудің ең басты жолдарының бірі — майлы тағамдарды аз қолдану



3. Ұсынылған тақырыптық сөйлемдердің қолдана отырып, бір абзац құрастырады.

<p>Тақырыптық сөйлем:</p> <p>1. Жемістер мен көкіністердің пайдасы өте көп Қолдаушы сөйлемдер:</p> <p>2. 3. 4.</p> <p>Қорытынды сөйлем:</p> <p>5.</p>	<p>Тақырыптық сөйлем:</p> <p>1. Жемістердің сақтаудың түрлі әдістері бар Қолдаушы сөйлемдер:</p> <p>2. 3. 4.</p> <p>Қорытынды сөйлем:</p> <p>5.</p>
<p>Тақырыптық сөйлем:</p> <p>1. Темекі шегу денсаулыққа зиян. Қолдаушы сөйлемдер:</p> <p>2. 3. 4.</p> <p>Қорытынды сөйлем:</p> <p>5.</p>	<p>Тақырыптық сөйлем:</p> <p>1. Денсаулықты нығайтудың бірнеше жолдары бар Қолдаушы сөйлемдер:</p> <p>2. 3. 4.</p> <p>Қорытынды сөйлем:</p> <p>5.</p>

Оқылым дегеніміз не?

Оқылым рецептивті (қабылдаушы) дағдылар қатарына жатады. Яғни оқылым дағдысы мәтінді жазу, айтуда гөрі, оған жауап қайтарту немесе мақсатқа сай әрекет етуді білдіреді. Қарапайым тілмен айтқанда жазба тілдегі мәтінді түсіну. Ол үшін біз мәтін тілін сөздер деңгейінде, сөйлем деңгейінде және тұтастай мәтін деңгейінде түсіне алуымыз қажет. Сонымен қатар мәтінде берілген ақпараттарды түсіну үшін ғалам туралы білімімізді қолданамыз.

Оқылымның ішкі дағдылары:

Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу (skimming) — мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.

Нақты ақпараттарды табу үшін оқу (Scanning) — мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу, яғни ол үшін тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес. *Мысалы, мәтіннен қажет пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздердің тауып алу.*

Детальді түрде оқу - әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. *Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз.*

Сөз мағынасын контекстең ажырату - мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын түсіну (болжау) үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудару.

Мәтін құрылымын түсіну — мәтін құрылымының ұйымдастырылуын түсіну. *Мысалы, кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім.*

Болжай білу — оқылым тапсырмасы алдында қолданылатын тәсіл. Оқушылар мәтінді оқымаң бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, оған берілген суретке қарап болжай отырып, сол тақырыпта өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі.

Мәтін түрлерін ажыратта білу — әр мәтіннің өзіне тән ерекшелігін, ұйымдастырылуын, стилін ажыратта білу. Мәтін түрлері: хат, мақала, жарнама, әңгімелер, поэма, құттықтау қағазы, ақпараттық брошюра, үнпарақ (листовка), хабарландыру, т.б.



Экстенсивті оқылым — үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды (роман, әңгіме) оқу.

Интенсивті оқылым — мәтіндегі сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін оқу. Мұндағы мақсат оқушылардың тілді дұрыс қолдана білудегі білімін арттыру.

Оқылым дағдыларының сыныпта қолдану

- Егерде оқушы жоғарыда аталған дағдыларды (оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым) өз ана тілінде меңгерген болса, онда оқушыға ол дағдыларды екінші тілде қолдану оқайға түседі. Оларды екінші тілде қалыптастыру көп жағдайларда қынға түседі. Сол себепті төрт тілдік дағдыны өуелі ана тілінде қалыптастырган дұрыс.
- Мәтінді түсіну үшін оқушыларға өз білімдерін пайдаландыру мақсатында сабактың кіріспе бөлімінде жаттығулар үйимдастыруға болады. Жаттығулар мәтіндегі суретпен немесе тақырып мазмұнын болжаумен байланысты болу мүмкін. Сонымен қатар миға шабуыл жаттығуын да қолдануға болады, яғни тақырыпқа байланысты идеялар, сөздер немесе оқушылардың тәжірибесін тақтаға жазу, кейін оқып болған соң салыстыру.
- Сонымен қатар мәтін оқушылардың **жасына, тілдік** деңгейіне сай дұрыс таңдалуы қажет. Мазмұны қызықты етіп алған мәтін оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Егер мәтіндегі сөйлем құрылымы тым күрделі болса, онда ол оқушыларға түсінуге тым қын болуы мүмкін.
- Оқылымға арналған сабак құрылымы төмендегідей:

Оқылым алдындағы тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған жаттығулар, сөздерді алдын ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою.

Оқылым тапсырмасы: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар (сұрақтар). Алғашқы жаттығулар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.

Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап берे алатында үйимдастырылуы қажет. Сонымен қатар сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатында жасалуы керек.

Оқылым дағдысына арналған сабак үлгісі:

Жаңа сөздер: байғазы, сәлемдеме, сарқыт, бата беру, құрметтеу, көрімдік.

Кіріспе сұрақтар:

- Әдептілік, сыпайылық дегенді қалай түсінесіздер?
- Әдет-ғұрып дегенді қалай түсінесіздер?
- Мәтін не туралы болуы мүмкін?

Әдептілік пен сыпайылық әдет-ғұрпы

1. Екі қазақ кездесе қалғанда жасы кішісі жасы үлкеніне «Ассаламағалейкүм!» деп бірінші болып сәлем береді. Жасы үлкен кісі оған «Уағалайкүмассалам!» деп жауап қатады. Тек содан кейін ғана аман-саулық сұрасады. Бұлай сәлемдесу бірін-бірі тіпті танымайтын адамдар үшін де міндетті болып саналады.

2. Даала тұрғындарына тән әдептілік пен сыпайылық, кішіпейілділіктің бір көрінісі — үлкен кісінің есіміне әке (еке) сияқты жүрнақ сөз қосып айту. Мәселен, Қазбек — Қазеке, Диқан — Дәке, Бауыржан — Бауке сияқты айтылады.

3. Жас келіндер ер азаматты ерекше құрметтеудің белгісі ретінде күйеуінің жақын туысының атын атамаған. Күйеуінің әкесі мен шешесін ата, ене деп атаған. Күйеуінің іні-қарындастарын шырақ, гүлім, бауырым деп еркелете ат қоятын. Өзге туысқандарына да жаңа әрі жарасымды ат ойлап табатын.



4. Қазақтар екіқабат әйел мен жасы үлкен адамның алдын кесіп өтуді әдепсіздік санаған. Келіндер атасының, қайнағаларының көзіне түспеуге тырысқан.

5. Отағасы үйде жоқ кезде ересек ер адамның үйге түсуіне рұқсат етілмеген. Қазақ даласының мызғымас заңы, міне, осындай еді. Қазақтар үйге бас сұғар алдында қару-жарағын әрқашан сыртқа қалдыратын. Ал ханның алдына қамшы ұстап кірге болмайтын.

6. Алыс сапардан немесе базардан қайтып оралған адам өзінің жақын туыстары мен көршілеріне әр түрлі сыйлықтар - базарлық ала келетін. Ауыл ақсақалдары тамақ үстінде үлкен табақтан жасы кішілерге асату жасайтын. Егер кімде-кім жаңа киім кие қалса, бағалы затқа ие болса, оған жақын туыстарының дос-жарандарының байғазы беру әдет-ғұрпы болған.

7. Әйелдер үйде қалған балалары мен жақындарына мереке-тойларда болған жерлерінен сарқыт ала келетін. Яғни, үйде қалған адамдар сарқыттан дәм татып, өздерін тойда болғандай сезінеді. Қазақтарда көптен бері көрмеген жақын-туыстарына қымбат бағалы заттардан, қазы-қарта, сүр еттерден сәлемдеме беріп жіберу әдет-ғұрпы да болған. Сәлемдемені алған адамдар шын ниетімен разы болып, ізгі батасын беретін.

8. Дәстүрлі қазақ қогамында жасы үлкен адамдарды құрметтеу рәсімі ежелден бар болатын. Ондай құрмет жасы үлкен кісінің қай рудан, қай жүзден, қай ұлттан екендігіне қарамай көрсетілетін. Олар барлық мерекелерде, жиын-тойларда құрметті орындарға, төрге шығарылады. Жиналыстарда олар елеулі рөл атқарады. Жастар олардың айтқан сезін жерге тастамай, мұлтіксіз орындаитын. Жас жігіт үшін үлкен табақтан ақсақалдың өз қолынан ет асай ең жоғары марапаттың белгісі саналатын. Кіші іні үлкен ағаның рұқсатынсыз дастарқан басына өз бетінше ешқашан отырмайтын.

9. Жас адамның үлкен кісінің алдын кесіп өтуі көргенсіздік деп есептелінетін. Бұл ереже әйел адамның ер азаматтың алдын кесіп өтпеуіне де қатысты болатын. Жасы кішілердің жасы үлкендерге дауыс көтеруі барып тұрған әдепсіздік ретінде тыйым салынатын. Әңгіме үстінде жасы үлкен кісінің сезін бөлуге ешқашан рұқсат етілмейтін. Жастар алыс жолға аттанарда не үй болып, шаңырақ көтерерде жасы үлкен ақсақалдардың алдынан өтіп, ақ батасын алатын. Қазақтар жасы үлкен әрі құрметті адамдардан мұндағы батаны жауға аттанарда да тілейтін.

10. Қазақтарда бата беру әдет-ғұрпы кеңінен етек алды. Ол әрбір іске кірісер алдында міндетті саналатын. Бата поэтикалық тілмен жалпы жұртқа қарап тұрып беріледі. Онда бата беруші адам өзгелерге ізгі жақсылық, табыс тілейді. Батаны жасы үлкен адам немесе жолы үлкен қонақ беруі тиіс. Бата беруші бақытты өмір, материалдық байлық, әрбір істе табысты болуын тілейді. Бата екі қолды ілгері қарай жоғары созып, екі алақанды өзінің жүзіне қарата бұрып тұрып беріледі. Бата беру «әумін» деген сөзben аяқталады. (материал <http://kk.wikipedia.org> сайтынан алынды.)

1. Төмендегі бөлім аттарын бөлім нөмірлерімен сәйкестендіріп көр! (Жалпы түсінік алу үшін оқу)

- a. Жас келіннің құрметі
- b. Бата – ізгі тілек белгісі
- c. Үлкеннің жолын кеспеу
- d. Жасы кішінің міндеті
- e. «Әке» сезінің құрметі
- f. Даға заңы
- g. Сәлемдеме
- h. Үлкенге құрмет
- i. Сәлем - сөздің атасы
- j. Байғазы



2. Төмендегі сөйлемдерді оқи отырып, «шын» немесе «жалған» сөзімен жауап беріп көр! (Нақты ақпараттарды табу үшін оқу)

- a) Жасы үлкен кісі оған «Уағалайқұмассалам!» деп жауап береді.
- b) Қүйеуі іні-қарындастарына шырақ, жарқын, айнаш, гүлім, бауырым деп еркелете ат қоятын.
- c) Ер азаматы үйде жоқ кезде ересек ер адамның үйге түсуіне рұқсат етілмеген.
- d) Ауыл қарттары тамақ үстінде үлкен табақтан жасы кішілерге асату жасамайтын.
- e) Эйелдер үйде қалған балалары мен жақындарына мереке-тойлардан сарқыт ала келетін
- f) Кіші іні үлкен ағаның рұқсатынсыз дастарқан басына өз бетінше ешуақытта отырмайтын.
- g) Әңгіме үстінде жасы үлкен кісінің сөзін бөлуге әрқашан рұқсат берілетін.
- h) Онда бата беруші адам ізгі жақсылық, табыс тілейді.

3. Тобыңмен талқылап, пікірінді ортага салып көр!

- a. Жоғарыда аталған әдет-ғұрыптардан өзіңе жақсы таныс үшеуін атап көр!
- b. Өзінді таң қалдырған дәстүрлерді атап көр!
- c. Жас кіші үлкендердің алдында өзін қалай ұстауды қажет?
- d. Ата-әжелеріңе немесе жасы үлкен аға-апаларыңа қандай құрмет көрсетесін?
- e. Үлкенге құрмет көрсету не үшін қажет деп ойлайсың?

Оқылым дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмалар үлгілері

Оқылымның ішкі дағдыларын қалыптастыру үшін белігілі бір тапсырма түрі таңдалады. Тапсырма түрлерін ұсынудағы мақсат біріншіден, оқылым дағдыларын терең қалыптастыруға мүмкіндік беру, ал екіншіден, оқушыны бір ғана тапсырма түрімен жалықтырып алмау. Төменде ұсынылған тапсырма түрлері «Reading, Skills for First Certificate» (Malcolm Mann & Steve Taylore-Knowles, 2003) оқулығынан мысал ретінде алынды.

Жалпы мазмұнын түсінуге арналған тапсырма түрлері

Мына тақырыптардың қайсысы мәтінге сәйкес келеді

- a) Джинсы шалбардың түрлері
- b) Джинсы шалбардың шығу тарихы
- c) Джинсы шалбар таңдаудың ерекшеліктері
- d) Таңдаулы джинсы шалбарлар

Төмендегі тақырыптарды абзаңтармен сәйкестендіріп көр! Екеуі артық

- I. Қазақтың салт-дәстүрлері
- II. Ұмыт болып бара жатқан тағамдар
- III. Ас – құрмет, ас – мырзалық.
- IV. Асты дайындау жолдары
- V. Ұлттық тағам түрлері мен пайдасы
- VI. Шет елден келген ас өнімдері
- 1. Абзаң A -
- 2. Абзаң B -
- 3. Абзаң C -
- 4. Абзаң D -

Мәтіндерді оқып шық және оларға тақырып қойып көр!

A -----

Американың танымал диетологі, невропатолог Джонни Боуден денсаулыққа ең пайдалы 12 тағам түрін анықтады. Боуденнің айтуынша, ол адамды жүз жасқа жеткізетін тағамдардың тізімін жасаған. Сонымен, денсаулықты кеселден қорғайтын өнімдер мыналар: жи欠缺, асбұршақ, жаңғақ, қаймағы айырылмаған сиыр сүті, майлы балық, мал еті, жұмыртқа, орамжапырақ, алма, сарымсақ пен пияз, анар және көк шай.

Ә -----

Қазақ халқы асты жоғары бағалап, қадірлей білген. Соңдықтан қазақтар адам қажеттіліктерінің ішінде тағамды жоғары қойған. Мал шаруашылығымен айналысқан ата-бабамыздың негізгі асы *ет пен сүт болған*. Сиыр, қой сүттерінен құрт, кілегей, қаймақ, ірімшік, сары май тағы да басқа тағамдар әзірлеген. Басқа тағамдарға қарағанда, сүттің алатын орны ерекше.

Б -----

Алма шырыны қан тамыр жүйесіне оң әсерін тигізетін темірге өте бай. Бұл қарапайым сусын тіпті ұзақ жылдар бойы темекі шегетін адамдардың өкпесінің жұмысын жақсартып, тыныс алуына жақсы әсер етеді. Құрамы С витамині мен органикалық қышқылға өте бай. Соның нәтижесінде ол аз калориялық қасиет көрсетіп, артық салмақ тастаймын деген адамдардың айырылмас досына айналған.

Нақты ақпаратты табуга арналған тапсырма түрлері

Төмендегі ақпараттарға дұрыстырылғына сай «шын» немесе «өтірік» сөзін қойып көріңіз

- I. Джинсы кейінгі уақытта гардеробтың негізгі элементіне айналған
- II. Шалбар таңдаудағы назар аударатын мәселенің бірі - мата сапасы
- III. Сізге шақ джинсы дем шығарған кезде қыспай, дұрыс отыруы керек.
- IV. Ұзындығы бойынша сізге шақ келген шалбарды алмаған дұрыс

Төмендегі сөйлемдер тұсына сәйкесінше «шын», «өтірік» және «айтылмаган» сөздерін қойып шық!

1. Елді татуластыруды, жақсыларды құрметтеуді, ұлғілі, өнегелі қасиеттері мен артықшылықтарын, ел дәулетін қазақ кең дастарқаны арқылы көрсете білген.
2. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақ тағамдарының негізгісі *ет пен сүт болған*.
3. Қазақ ерлері ет тағамдарын тұздадың түрлі әдістерін білген.
4. Ет тағамдарын диета ретінде қолдануға болады.

Мәтінді оқып болған соң, төмендегі сұрақтарға «иә» немесе «жоқ» деп жауап бер

1. Музыка түрі интеллект дәрежесі мен адам мінезіне тікелей әсер етеді
2. Мұңайып жүретін рок сүйгіш адамдар мейірімді мен ақылды жандар болып шықты
3. Өзіне сенімді, көңілді жандар блюзды тыңдамайды.
4. Классика жанрындағы музыканы жоғары талғамды адамдар тыңдайды.



Егер расында Жер бетінде тек 100 адам өмір кешсе, оның 57-і Азиядан, 21-і Еуропадан, 14 кісі Американың екі континентінен, 8 адам Африкадан болушы еді. 52 әйел мен 48 ер кісінің 30-ы христиан, 23-і мұсылман болмақ. 100 адамның тек алтауы әлем байлығының 59%-ын иеленсе, 80 кісі нағыз кедей атана алар еді. 100 адамның 70-і жазу танымай, 50-і күнделікті аштықты көріп өмір сүрмек. 100 адамның тек біреуі жоғары оқу орнында оқыған болса, басқа 1 адам компьютерден сауатты болушы еді.

Таңтерең аман-есен, сау болып ояндырыз ба? Ендеше сіз апта сайын көз жұматын миллион адаммен салыстырғанда бақыттысыз.

Егер сіздің күнделікті тұратын баспаңаңыз, киетін киіміңіз, ішетін тамағыңыз болса, сіз әлемдегі тұрғындардың 75%-ына қарағанда бақытты жансыз.

Осы ақпаратты өз бетіңізben оқи алсаңыз, сіз жазу танымаган 2 миллиард замандасыңызға қарағанда, әлдеқайды бақыттысыз.

Нақты ақпаратты табуга арналған сұрақтар (ашық сұрақтар):

1. Жер бетінде тек 100 адам өмір кешсе, Оңтүстік Америкадан нешеуі болар еді?
2. 100 адамның нешеуі әлем байлығының 59 пайызына ие болар еді?
3. 100 адамның нешеуі жазу танымаган болар еді?
4. 100 адамның нешеуі университетке түсіп, нешеуі комьютерден сауатты болар еді?

Таңтерең аман-есен оянсаң, қанша адамға қарағанда бақыттысын?

Мәтінді оқып шығып, келтірілген мысалдар факті өлде автор пікірі екенін тауып дәлелдейді.

Факті өлде көзқарас?

1) Қазақ халқы асты жоғары бағалап, қадірлей білген. Сондықтан қазақтар адам қажеттіліктерінің ішінде тағамды жоғары қойған.

А) факт

Б) көзқарас

2) Қай заманда, қалай айтылғанына қарамастан, халық асты құрметтеудің жолын, оны өзірлеудің көзін, ретін таба білген.

А) факт

Б) көзқарас

3) Ата-бабамыздың алып тұлғалы, батыр да дана болуының бір сырьы осы болуы да әбден мүмкін.

А) факт

Б) көзқарас

Мәтіндегі сөздермен жұмыс

Мәтіннен мына сөздердің антонимін тауып көр!

1. Жалғыздық –
2. Ұялшақ –
3. Ой-өрісі төмен –
4. Өзіне сенімді емес –

Мына сөздердің мәтіннен синонимдерін тауып көр!

1. Мейірімді –
2. Сабырлы –
3. Еңбекқор –
4. Жалғыздықты таңдайтын –
5. қарым-қатынасқа оңай түсে алатын-

Бұл тапсырма алдында тор көз ішіндегі сөздерді жаңа сөз ретінде алыш, үйретуге болады. Кейін оқушылар мағынасына сәйкес толықтырып отырады.

Мәтіндегі бос орындарды тәмендегі сөздермен толықтырып көр!

Қазіргі таңда белгілі бір 1 _____ жеделдегу үшін сөздердің графикалық 2 _____ нұсқалары жиі қолданылады. Кез келген 3 _____ қысқартулар бар және оларды 4 _____ түрмиста жиі қолданамыз. Әсіресе, 5 _____ арасында кеңінен танымал болған 6 _____ желілерде, смс хат алмасу барысында 7 _____ кеңінен пайдаланылады. Қысқартуларды қолдана 8 _____, біз уақытты үнемдейміз. Кез келген 9 _____ аз уақытта тез түсініруге 10 _____. Дегенмен, мектеп мұғалімдері қысқартуларды 11 _____ өз ана тілін 12 _____, жастар қысқартуларды қолдана отырып, әдеби тілден және 13 _____ жазудан алыстайды деп есептейді. Бір топ британдық 14 _____ арнайы зерттеу барысында осы 15 _____ тілін қолданатын мектеп оқушылары 16 _____ сауатты жазудың тәмендегендігін 17 _____. Сіз қалай ойлайсыз? Қысқартуларды қолданған дұрыс па?

Агент	арасында	әлеуметтік	байқайды	болады
<i>ғалымдар</i>	<i>жастар</i>	<i>қүнделікті</i>	<i>қарым—қатынасты</i>	
<i>қысқартылған</i>		<i>қысқартулар</i>	<i>қолдану</i>	<i>құрметтемеу</i>
<i>нәрсені</i>		<i>отырып</i>	<i>сауатты</i>	<i>тілде</i>

Мәтіндегі немесе мәтін абзацтарындағы негізгі идеяларды табу

А мәтініндегі ең басты мәселе не?

- Адамды жүз жасқа жеткізетін тағамдар тізімі
- Денсаулықты кеселден қорғайтын өнімдер
- Жидектер ең пайдалы өнім

Ә мәтініндегі ең басты ой не?

- Қазақ халқы асты жоғары бағалап, қадірлей білген
- Ата-бабамыздың негізгі асы - ет пен сүт
- Сүттен жасалатын тағамдар денсаулыққа өте пайдалы

Б мәтініндегі негізгі ойды беретін сөйлем

- Алма шырыны темірге өте бай.
- Темекі шегеттің адамдардың өкпесінің жұмысын жақсартады
- Құрамы С витамині мен органикалық қышқылға өте бай.

В мәтініндегі негізгі ойды беретін сөйлем

- Банан жемісін ұната жемейтін жан кемде-кем шығар.
- Әнші-әртістер тамақтары ауырмас үшін банан қабығын қайнатып ішкен
- Банан баланың ойлау қабілетіне жақсы әсер етеді.

Мәтінді қайта құрастыру, яғни мәтін құрылымын түсінуі

Оқушыларға бөліктерге бөлінген мәтін қыындылары беріледі. Оқушылар әр сөйлемді оқы отырып, мәтінді рет-ретімен құрастырып шығады.

Қыындылар	Дұрысы
Бір аптадан кейін тағы бір оқып шығу және бір айдан соң тағы қарau.	Жаңа сөздерді жаттаудың бірнеше жолы бар. Солардың бірі – стикерлер пайдалану.
Бұл әдісті жүйелі орындау, сөздерді ұзақ есте сақтауға мүмкіндік береді.	Яғни жазылған сөздерді бір рет оқып, белгілеп қойып, 1 сафаттан кейін қайта қарau. Бір тәуліктен кейін қайталап оқып, мағынасын еске түсіру. Бір аптадан кейін тағы бір оқып шығу және бір айдан соң тағы қарau. Бұл әдісті жүйелі орындау сөздерді ұзақ есте сақтауға мүмкіндік береді.
Жаңа сөздерді жаттаудың бірнеше жолы бар.	
Жазылған сөздерді бір рет оқып, 1 сафаттан кейін қайта қарau.	
Бір тәуліктен кейін қайталап оқып, мағынасын еске түсіру.	
Солардың бірі стикерлер пайдалану.	



Тыңдалым дегеніміз не?

Тыңдалым оқылым сияқты рецептивті дағдылар қатарына жатады. Тыңдалым дегеніміз тілге сай әрекет ету, яғни тілдің дыбыстық мағынасын түсіну. Ол үшін біз контекстіні, тілді және ғалам туралы білімізді пайдаланамыз. Тыңдалым ауызекі сөйлеу тілін қамтығандықтан, оның тілі жазба тілден өзгеше болып келеді.

Төмендегі кестеден жазба тілі мен сөйлеу тілінің айырмашылығын салыстырып көрелік.

Жазба тілі	Ауызекі тіл
Парақ бетінде тұрады, жоғалмайды.	Сөйлеу барысында жоғалып отырады. Сөйлеу тілі кейде тым жылдам немесе баяу болуы мүмкін.
Сөйлемдерді ажыратып көрсету үшін пунктуация мен бас әріптерді пайдаланып отырамыз.	Сөйлемдер мен бір топ сөздер мағынасын интонация және екпін арқылы ажыратып отырамыз.
Әріптерден, сөздерден және сөйлемдерден жасалып барып, мәтінді құрайды.	Дыбыстар, жалғыз сөздер, сөз тіркестері қосылып, ассимиляцияға ұшырап отырады. Мысалы, алып бер – әпер, бара жатырмыз – баратырмыз.
Мәтін түсінікті болу үшін қосымша суреттер берілуі мүмкін.	Сөйлеуші өз ойын жеткізу мимиканы пайдаланады. Мысалы, жест, қолдарын сермеу және ым-ишара сияқты әрекеттер.
Құрылымы өте жақсы ұйымдастырылады: сөйлемдер толық және алдыңға сөйлемдер кейінгі сөйлемдермен бір-бірімен логикалық үйлесімде болады. Тақырыптар бірнеше абзацтарға бөлінеді.	Дұрыс ұйымдастырылады. Себебі кідірістер, ойдың бөліне беруі, сөздердің қайталануы және тақырыптың жиі өзгеруі көрініс тауып отырады.
Көбіне нақты тақырыпқа арналған сөздер мен күрделі грамматиканы қолданады.	Қарапайым грамматика мен ауызекі тілдегі сөздер қолданылады.

Тыңдалым түрлері:

Әңгімелесу (диалог), әңгімелер (оқиға), хабарландыру, өндөр, нұсқау, лекция және жарнама және т.б.

Тыңдалым дағдылары бірнеше ішкі дағдылардан тұрады:

Мазмұнын түсіну үшін тыңдау – жалпы мазмұнын, идеясын түсіну үшін тыңдау.

Нақты ақпараттарды алу үшін тыңдау - тыңдалымдағы қажетті ақпараттарды алу үшін тыңдау. Мысалы, *теміржол вокзалинда өзінізге қажет уақытты немесе пойызды білу үшін сол ақпараттыға тұндастырыңыз*, басқа *акпаратты қажет қылмайсыз*.

Детальді түрде тыңдау- әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін әрбір сөзін зер салып тыңдау, түсіну. Мысалы, *маңызды жаңалықтарды айттып жатырған кезде оны дұрыс түсіну үшін әрбір сөзін мүқият тыңдаудан шығасыз*.

Сөйлеушінің қарым-қатынасын анықтау үшін тыңдау – сөйлеушінің көңіл-күйін не айтқысы келіп отырғанын түсіну үшін тыңдау.

Интенсивті тыңдалым – сөйлеу барысындағы сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін тыңдау. Мұндағы мақсат – оқушылардың тілді дұрыс қолдана білудегі білімін арттыру. Мысалы, белгілі бір грамматикалық тақырыптарды өткен кезде тыңдалымды пайдалану, бірақ бұл жерде басқа дағдыларды араластырмайсыз.

Экстенсивті тыңдалым - үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды(роман, әңгіме) тыңдау.

Тыңдалымға арналған сабак жүйесінің мысалы:

1. Тыңдалым алдыңдағы тапсырма: тақырыпты таныстыру; тыңдалымдағы маңызды сөздерді үйрету; тақырыпқа қатысты сұрақтар құра отырып, сол тақырыптағы оқушы білімін қозғау.



2. Тыңдалым тапсырмасы: әртүрлі тыңдалым дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар тобы; олар жалпы мазмұнын түсінуден бастап, детальді түсінуге бағытталады.

3. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма: тыңдалымдағы тақырып туралы сұрақтардан тұрады және ол сұрақтарға өз көзқарастарын білдіре отырып, тәжірибелерімен байланыстыра отырып жауап берулері тиіс. Сонымен қатар сұрақтар жауап беру барысында тыңдалымдағы сөздерді пайдалана алатында құрылуы қажет.



Тыңдалымға үйимдастырылған сабак түрі:

Тыңдалым алдындағы тапсырма:

Лондон олимпиадасы туралы не білесің?
Оған кімдер қатысты және жеңімпаз атанды?
Сен кімдерге жанкүйер болдың?

Жаңа сөздер: жеңімпаз, жанкүйер, спортшы, ауыр атлетика, велоспортшы, әлемдік рекорд, жетістік, жеңіс.

Тыңдалым сұрақтары

Жалпы мазмұнын түсінуге арналған сұрақтар:

Аудиоматериалды алғаш рет тыңдайды.

1. Тыңдалым мәтіні не туралы?
2. Онда қай спортшыларға ерекше тоқталып өтті?
3. Лондон олимпиадасының Қазақстан үшін қандай маңызы болды?

Нақты мәлімет алуға арналған сұрақтар:

Аудиоматериалды екінші рет тыңдайды.

1. Лондон олимпиадасы жеңістері қазақстандықтардың қандай сезімдерін оятты?
2. Жетінші алтынды қанжығаға байлаған спортшы кім?
3. Ауыр атлетикадан әлемдік рекордты жаңартқан спортшы қыздар кім?
4. Илья Ильинге жеңіс әкелген зілтемірдің салмағы қанша?
5. Қазақстанға алғашқы алтынды алып берген кім?
6. Арнайы қолдау көрсетуге барған шоу-бизнес өкілдері кімдер?
7. Лондондағы олимпиада қай уақыт аралығында өтті?
8. Лондон олимпиадасындағы Қазақстанның жетістігі қандай?

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Лондон олимпиадасын басынан аяғына дейін тамашаладың ба?
2. Спортшыларымыздың жеңісін көргенде қандай сезімде болдың?
3. Олимпиаданы қалай тамашаладың? Достарыңмен бе әлде отбасыңмен бе?
4. Қазақстан спортшылары жеңіске лайық дегенде есептейсің бе? Неге?
5. Лондон олимпиадасынан кейін Қазақстанды әлем таныды дегенге сенесің бе?
6. Спорт елді әлемге танытады дегенге сенесің бе? Неге?
7. Біздің спортшыларымыздың артықшылығы мен кемшілігі неде болды деп ойлайсың?
8. Спортта әлде де мықты болу үшін не қажет деп ойлайсың?
9. Жалпы спорт адамды неге тәрбиелейді, үйретеді деп ойлайсың?
10. Өзің спорттың қай түрін жақсы көресің? Неге?

(XEADLINER - Лондон Олимпиадасы өз мәресіне жетті)




II. Белсенді оқыту тапсырмалары

1. Жануарлар

1.1 Сен қандай жануарларды білесің?

<i>Tілдік деңгейі</i>	*
<i>Tілдік мақсат</i>	Сөздік қор: жануарлардың аттарын уйрету
<i>Дағды</i>	Жазылым
<i>Ойлау әрекеті</i>	Жіктеу
<i>Оқыту әдісі</i>	Шығармашилықта баулу, қателіктегі қабылдауды уйрету
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	Оқушылар санына қарай топтық немесе жұптық жұмыс жүргізу



Жүргізілу барысы:

- Сынып бірнеше топқа бөлінеді. Эр топқа үлкен парақ беріледі. Сынып оқушылары көп болған жағдайда, олар жұпқа бөлінеді және әр жұпқа бөлек парақтан беріледі.
- Әр топтың не жұптың оқушылары бір минут ішінде өздері білетін жануарлардың аттарын ұсынылған параққа жазады.
- Топ мүшелері өздері жазған парақты оң жақтағы топқа не жұпқа береді.
- Келесі топ мүшелері парақтағы сөздерді оқиды да, тізімге тағы да жануарлардың аттарын қосады.
- Осылайша әр топ не жұп парақтарды оқып, өз ұсыныстарын қосып отырады. Парақтар өз иелеріне қайта келгенде оқушылар жазуды тоқтатады. Өзге топтардың қосқандарымен танысады.
- 1-кестедегі атауларды пайдаланып, тақтаға қорытынды кесте сзыылады.
- Кестедегі атауларды оқыған кезде, оқушылар әр бөлімге сай келетін жануарларды ауызша айтады: ферма жануарлары, үй жануарлары, жабайы жануарлар.

1-кесте. Жануарлардың аттары

Ферма жануарлары	Үй жануарлары	Жабайы жануарлар
Тауық, сиыр, жылқы, қой, түье.	Қаз, мысық, ит, сиыр, қой, жылқы.	Қоян, қасқыр, үйрек, піл, бақа, тұлкі, қабан, кесіртке, маймыл, тышқан, арыстан, барыс.

Қосымша

- Бұл тапсырмаға қосымша жануарлар туралы зерттеу жұмысын жүргізуге болады. Яғни әр топқа белгілі бір жануар ұсынылады. Ал топ оқушылары ол туралы мәлімет іздестіре отырып, өз сөздерімен ақпараттық мәтін құрастырады.

1.2 Жануарларды сипаттап көр!

<i>Tілдік деңгейі</i>	*
<i>Tілдік мақсат</i>	Сөздік қор: сын есімдер
<i>Дағды</i>	Тыңдалым және жазылым
<i>Ойлау әрекеті</i>	Іріктеу және анықтау
<i>Оқыту әдісі</i>	Сауаттылықта жетелеу – қателерді тузету
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	Жұптық жұмыс
<i>Дайындық</i>	Тақтаға алдын ала кесте сзыылады, тақырыпшалар жазылады. 2-кестені қараңыз



Жүргізілу барысы:

- 3-кестеден оқушылар билетін бір жануардың атын атаңыз. Мысалы: қолтырауын.
- Мұғалім дауыстап айтады, оқушы «қолтырауын» сөзінің дұрыс жазылуына мән бере отырып, тақтаға жазады. Сыныппен сөздің жазылуын тексереді.
- Оқушылар жұпта аталған жануардың қасиеттерін еске түсіреді. Мысалы: ұзын, жұмсақ, қоңыр. Оқушылар аталған жануарды дұрыс сипаттау үшін сынныптағы сөздіктерді, кітаптарды, қабырғадағы сөздерді қолдана алады. Сын есім түрлері кестеде берілген.
- Біртіндеп оқушылар мұғалім ұсынған жануарларды сипаттайтын сын есімдерді жазады.
- Барлық жұп тапсырманы орында болған соң, тапқан сын есімдерін мұғаліммен бірге талқылап, ортақ шешімге келеді. Кестені толтырады.

2-кесте. Жануарлардың сипаттамасы

Жануар	Өлшемі	Түсі	Ерекшелігі
Түйе	Үлкен	Қоңыр	Шөлге төзімді
Жылқы	Үлкен	Қара, ала.	Тез шабатын
Піл	Кішкентай/үлкен	Сұр	Ыстық елдерде
Балық		Күміс түстес, сұр, қызыл, көк, алтын, қызылбылт-сары	тіршілік ететін Суда тіршілік ететін

Қосымша

- Аталған кестені қолдана отырып, оқушыларға жануарлар туралы қысқаша сипаттама жаздыруға болады.

1.3 Жануарлар әрекеті

Tілдік деңгейі	*
Tілдік мақсат	Әрекет етістіктері (жануарлардың әрекеттері)
Дағды	Айтылым
Ойлау әрекеті	Еске түсіру
Оқыту әдісі	Шығармашылықта ынталандыру – қателерді қабылдауды үйрету
Қарым-қатынас түрі	Сыныппен жұмыс

Жүргізілу барысы:

- Бір оқушыны таңдаپ, одан ұнататын жануарды атауын сұраңыз. Мысалы: балық.
- Оқушыдан «Ол жануар не істей алады?» деп сұраңыз. Мысалы: жүзе алады.
- Тақтаға «Мен балықтың және мен жүзе аламын» деп жазыңыз.
- Оқушыдан бұл сөйлемді дауыстап оқуын сұраңыз. Сөйлемді оқыған оқушы өзге бір оқушыны таңдайды. Ол сөйлемді оқиды да өзі ұнататын жануар атынан сөйлейді.
- «Ол – балық және ол жүзе алады. Мен қоянмын және мен тез жүгіре аламын» дейді. Бұл бала да басқа оқушыны таңдайды, ал ұсыныс түскен бала осы әрекетті қайталаіды.
- Үшінші бала жануарды таңдаپ, мысалы: «Ол – балық және ол жүзе алады. Ол – қоян және ол тез жүгіре алады. Мен құспын және мен ұша аламын» дейді.
- Ойын жалғаса береді. Мұғалім ойынды өз мақсатына я уақытқа сай аяқтайды. Оқушылар алдыңғы оқушылар айтқан жануарларды, ерекшеліктерін есте сақтап отыру қажет. Сонымен қатар мұғалім жануарлар әрекетіне сай етістіктерді бекіте алады.



1.4 Жануарлардың күн тәртібі

<i>Tілдік деңгейі</i>	*
<i>Tілдік мақсат</i>	Уақыт, ауыспалы осы шақ
<i>Дағды</i>	Жазылым
<i>Ойлау әрекеті</i>	Tізбектеу
<i>Оқыту әдісі</i>	Шығармашылықта ынталандыру – қателерді қабылдауды үйрету
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	Үлкен сыйыптарға сай жұмыс

Жүргізілу барысы:

- Оқушылар бір жануарды таңдайды, оның күні бойы жасайтын әрекеттерін талқылайды, ғаламтордан іздейді.
- Тақтаға уақыт сзығын салады, бірнеше уақыт көрсеткіштерін жазады. Мысалы: 8:00, 10:15, 12:30. З-кестені қараңыз.
- Оқушылар уақыт сзығын көшіріп алады.
- Оқушылар өздері таңдаған жануарлардың күні бойы жасайтын әрекеттерін талқылайды, тізімдейді. Жануарлардың күн тәртібін ауыспалы осы шаққа көнділ бөле отырып жазады. Толтырылған уақыт сзығын сыйып бөлмесіне іледі.

3-кесте. Уақыт сзығы: жыланның күн тәртібі

8:00	Оянады
9:00	Ағашқа өрмелейді
11:00	Күн көзінде үйіктайды
12:00	Үш жұмыртқа жеді
14:00	Тамақ іздеді
16:00	4-5 бақа аулайды
19:00	Кеш батады
20:00	Үйқыға кетеді

Қосымша

- Оқушылар бұл ақпаратты жазбаша немесе ауызша әңгімеге айналдыра алады. Әңгіме мысалы 4-кестеде көрсетілген. Мәтінді өткен шаққа айналдыруға болады.

4-кесте. Жануар әңгімесінің мысалы

Ромб питоны	
<p>Кеше мен шамамен сағат 8-де ояндым. Сағат 9-да мен күншұақ жерді таптым, соңдықтан таңертептің үйқыға кеттім. Екі сағат үйіктадым. Оянған соң жейтін бір нәрсе іздедім. Ағаш басында құстың ұясын көрдім де, оған өрмелеп шықтым. Мен үш жұмыртқа жедім. Түскі 2 мен 4-тің арасында тамақ іздедім. Содан кішкентай бақаны таптым. Мені көре салысымен, бақа тоғанға секіріп, жүзіп кетті. Кеште күн ұясына кірді де, мен үңгірімे кіріп кеттім. Дұрыс тамақ ішпеген соң шаршап үйқыға кеттім.</p>	



1.5 Жануар туралы ақпарат

<i>Tілдік деңгейі</i>	*
<i>Tілдік мақсат</i>	Ақпараттық мәтін, ауыспалы осы шақ
<i>Дағды</i>	Детальді тыңдау
<i>Ойлау әрекеті</i>	Жіктеу
<i>Оқыту әдісі</i>	Шығармашылықты ынталандыру – қателерді қабылдауды үйрету
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	Сыныпқа сай жұмыс түрлері
<i>Дайындық</i>	Тақтаға 5-кестедегі ақпараттық баяндама тақырыпшалары мен сұрақтарын жазыңыз. Мысалы, ТАМАҚ: Коалалар не жейді?

Жүргізілу барысы:

- Оқушыларға ақпараттық баяндама тақырыпшаларын түсіндіріңіз. Тақтаға жазып қойыңыз.
- 5-кестеден кез-келген сөйлемді таңдаңыз. Сөйлемді сыныпқа дауыстап оқыңыз.
- Оқушылар сөйлемді тыңдай отырып, тақырыпшалардың қайсысына сай келетінін анықтаулары керек. Мысалы, «Балалары жазда немесе көктемде дүниеге келеді»- деп оқысаңыз, оқушылар бұл сөйлемді «Көбею» тақырыпшасымен байланыстыру керек. Бұл детальді тыңдау дағдысымен байланысты тапсырма.

5-кесте Ақпарат беру бағытындағы баяндама үлгісі

Ақпараттық баяндама: коала

АНЫҚТАМА: Коала деген не?

Коала – Австралияның жергілікті жануары. Ол қалталы жануарлар қатарына жатады.

КЕЛБЕТІ: Коала неге үқсайды?

Коала – кішкентай және сүр түсті жануар. Олардың тырнақтары мен өткір алдыңғы тістері бар.

ҚАСИЕТІ: Коала күндіз/түнде не істейді?

Ол күндіз ұйықтайды. Олар бес сағат бойы тамақтанады.

КӨБЕЮІ: Коаланың қалтасы бар ма? Коала қашан дүниеге келеді?

Ана коалаларда қалта бар. Балалары жазда немесе көктемде дүниеге келеді.

МЕКЕНІ: Коала қайда мекендейді?

Коала Австралияның шығыс бөлігінде мекендейді. Ол эвкалипт ормандарында тіршілік етеді.

ТАМАҚ: Коала не жейді?

Коала эвкалипт жапырақтарымен қоректенеді. Балалары тек сүт ішеді.

ҚОРҒАНЫС: Коала өзін қалай қорғайды? Коаланың жаулары бар ма?

Коала өзін дүшпандардан қорғау үшін тырнақтарын қолданады. Коаланың жаулары көліктер, иттер мен мысықтар.

Қосымша

- Оқушылар кестеде ұсынылған тақырыпшаларға негізделе отырып, бір жануар туралы ақпараттық мәтін дайындаиды. Мәтін ауыспалы осы шақта жазылуы керек. Оқушыларға ауыспалы осы шақ туралы түсіндіріп кетуге болады.



2. Саяхат

2.1 Жағажайдағы демалыс

<i>Tілдік деңгейі</i>	*
<i>Tілдік мақсат</i>	Жалпы есімдер: туыстық атаулар, жіктік жалғауы
<i>Дағды</i>	Айтылым: дайын тіркестерді қолдану
<i>Ойлау өрекеті</i>	Таңдаудың себебін көрсету
<i>Оқыту әдісі</i>	Шығармашылықта ынталандыру – қателерді қабылдауды үйрету
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	Улken сыныптарға барлық жұмыс түрлері, жұптық жұмыс
<i>Дайындық</i>	Тақтага дайын тіркестері бар кесте ілінгіз. 7-кестені қараңыз



Жүргізілу барысы:

- Оқушылардан туыстық атауларды (отбасы мүшелерін) естеріне түсіріп, ауызша айту сұралады. Туыстық атауларды тақтага тізіп жазу керек. Ұсыныстар 6-кестеде берілген. Кейбір оқушылар ағасы, апасы немесе досының атын ұсынуы мүмкін. Жауабының дұрыстығын растай отырып, аталған адам туралы көбірек ақпарат сұраңыз. Мысалы: Ақерке... Иә... Ал Ақерке саған кім болады? Досың ба әлде қарындастың ба?
- Енді оқушыларға мынадай жағдаят ұсынылады. *Олар жағажайға демалуға бара жатырмыз деп елестету керек. Осы адамдардың ішінен өзімен бірге баратын сегіз адамды таңдау қажет.* Оқушылар бірге алып баратын адамдардың тізімін жасайды.
- Оқушылар бұл сегіз адамды неге таңдағандары туралы ойлануы қажет.
- Оқушыларға тақтадағы кестені таныстырып, қалай қолдану керектігін мысал ретінде көрсете отырып түсіндіріңіз. Мысалы, жағажайға баруға анасын таңдаса, кестедегі тіркестерді қолдана отырып сөйлейді: «Мен анамды таңдаймын. Өйткені ол суда жүзе алады». Оқушылар жұпта кестені қолдана отырып, таңдау себептерін көрсетеді. Өздерінің де мысалдарын қолдана алады. Жауаптың кейбір ұлгілері 7-кестеде берілген.
- Бұл тапсырма барысында оқушыларға жіктік жалғауының бірінші және үшінші жағын қалай қолдану керектігін түсіндіріп кетіңіз және дұрыс қолдануын қадағалаңыз.

6-кесте. Туыстық атауларға мысалдар

Ана, әке, аға, іні, апай, қарындаң, нағашы, жезде, бөле, сіңлі, ата, апа, дос, ең жақын дос, көрші, апайымның досы, ағамның досы.

7-кесте. Сен оларды не үшін таңдағадың?

Кімді таңдайсың?		Неге бұл адамды таңдайсың?	Мысалы
Мен анамды таңдаймын. Мен інімді таңдаймын. Мен әкемді таңдаймын. Мен Ақеркені таңдаймын. Мен ағамды таңдаймын. Мен Асқарды таңдаймын. Мен атамды таңдаймын. Мен апамды таңдаймын. Мен жездемді таңдаймын. Мен Асанды таңдаймын. Мен досымды таңдаймын.	Әйткені Себебі	ол менің досым. ол суға шомылғанды жақсы көреді. ол машина жүргізе алады. ол гитара да ойнайды. ол футбол ойнайды. ол әкемнің досы. оның қармағы бар. ол табиғатты ұнатады. ол демалысты жақсы көреді. оның кішкене теледидары бар. ол құмды жақсы көреді.	Мен анамды таңдаймын. Әйткені ол суға шомылғанды жақсы көреді.



2.2 Жағажай демалысын сипаттау

<i>Tілдік деңгейі</i>	*
<i>Tілдік мақсат</i>	Алады
<i>Дағды</i>	Айтылым және жазылым
<i>Ойлау әрекеті</i>	Тізім жасау және еске түсіру
<i>Оқыту әдісі</i>	Сауаттылыққа үйрету, қателерді түзетуді үйрету
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	Улken сыныптарға сай барлық жұмыс түрлері
<i>Дайындық</i>	Қабыргаға тақырыпшалары бар постерлерді іліңіз. 8-кестені қараңыз. Постерлерге жапсыру үшін қимақағаздар дайындаңыз.

Жүргізілу барысы:

- Оқушылардан жағажайға барған кезде өзімен бірге қандай затты алып барылары келетінін сұраңыз. Мысалы: доп.
- Бала жауап бергенде, басқа бала Егер сен допты алсаң, сен не істей аласың? деп сұрауы керек.
- Бірінші бала былай деп жауап бере алады: Мен допты қағып ала аламын. / Мен допты тебе аламын. / Мен допты лақтыра аламын. / Мен футбол ойнай аламын. Басқа заттар үшін ұсыныстар 8-кестеде көрсетілген.
- Балалар өздерінің идеяларын білдіргісі келулері мүмкін, бірақ олардың сөздік қоры жетпеуі мүмкін. Мысалы, олар ойын картасы жиынтығы немесе компьютер ойынын алғылары келуі мүмкін. Сіз түсіндірме сөздік беріп немесе балаларды екі тілді сөздікті қолдануга ынталандыра аласыз.
- Карталарға балалар демалысқа алғысы келетін заттарды жазады. Басқа картаға олар не жасай алатындарын жазады. Сосын олар карталарды 8-кестедегідей жасап, сынып кестесіне жапсырады. Олар карталарға өз аттарын жаза алады, мысалы: Аян түрлі түсті қаламдар алады. Аян суреттер сала алады.

8-кесте. Демалыс жаттығулары

Сен не аласың?	Сен не істей аласың?
Түрлі түсті қаламдар	Суреттер салу
Кітаптар	Әңгімелер оқу
Велосипед	Велосипед тебу
Радио	Музыка тыңдау
Баскетбол	Баскетбол ойнау
Қармақ	Балық аулау
Гитара	Әндер ойнау/айту
Камера	Суретке түсіру

2.3 Көлік түрлері

<i>Tілдік деңгейі</i>	*
<i>Tілдік мақсат</i>	Көлік тақырыбындағы сөздер
<i>Дағды</i>	Айтылым және жазылым
<i>Ойлау әрекеті</i>	Жіктеу
<i>Оқыту әдісі</i>	Тиянақтылыққа үйрету – қателерді түзету
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	Улken сыныптарға сай командалық және жуптық жұмыс

Жүргізілу барысы:

- Балаларды екі топқа бөліңіз. Әр команда кезекпен көлік түрлерін ұсынады. Ойын барлық мүмкін нұсқалар айтылғанға дейін жалғасады. Сіз оқушылар көлік түрін сипаттап, сөздік қоры жетпегендеге сөзді айта аласыз, мысалы: желкенді кеме, пойыз.



2. Бұл көлік түрлерін тақтада кез-келген кезекпен тізіңіз.
3. Сосын балалардан үш бағанадан тұратын кесте сзызып, категориялар астына көлік түрлерін жұппен жазуарын сұраңыз. Мысалы: су, ауа және құрлық көліктері.
4. 9-кестені қараңыз
5. Жұптардан жауаптарын оқуарын сұраңыз.

9-кесте Көліктің жіктеу

Су	Ауа	Құрлық
Қайық Желкенді қайық Паром Кеме Велосипед	Тікұшақ Ұшақ Фарыш кемесі Әуе шары	Машина Пойыз Автобус Мотоцикл Жұк көлігі

2.4 Көлік: артығын алып тастау

Tілдік деңгейі	*
Tілдік мақсат	Сөздік қор: көлік, бірақ
Дағды	Тыңдау, жазу
Ойлау әрекеті	Ажырату
Оқыту әдісі	Шығармашылықта ынталандыру – қателерді қабылдау
Қарым-қатынас түрі	Үлкен сыныптарға сай жұптық жұмыс

Жүргізілу барысы:

1. 10-кестеден көлік атауларын оқыңыз. Бұл қарапайым диктант түрі.
2. Балалар сөздерді жазады.
3. Жұптарда, балалар артық бір сөзді табуға тырысады. Олар таптық деп ойлағанда, олар артығын көрсету үшін ал сөзін қолданып, таңдауларының себебін түсіндіруі керек.
4. Ескерту: Бұл жаттығуда дұрыс жауап біреуден көп болуы мүмкін, мысалы: бірінші мысалда, *велосипед* онда тек бір адам ғана отыра алатындықтан, ал басқаларында біреуден көп адам отыра алатындықтан таңдалуы мүмкін. Немесе машина, тікұшақ және ұшақ *iшінде*, ал велосипед *устінде* жүргізілетіндіктен таңдалуы мүмкін. Негізделген себеп берілген жағдайда жауап дұрыс деп саналады.

10-кесте. Көлік тақырыбындағы сөздер

Төрт сөз тізімі	Артығы	Себебі
Машина, велосипед, тікұшақ, ұшақ	ұшақ	Машина, тікұшақ және велосипедте аз ғана адам саяхат жасай алады, бірақ ұшақта көп адам саяхаттай алады.
Қайық, мотоцикл, пойыз, машина	қайық	Қайық суда жүзеді, бірақ қалғандары құрлықта жүреді
Қайық, ұшақ, жұк көлігі, автобус	Жұк көлігі	Қайық, ұшақ және автобус жолаушыларды тасиды, бірақ жұк көлігі тауарлар тасиды.
Велосипед, мотоцикл, автобус, пойыз	пойыз	Велосипед, мотоцикл және автобус жермен жүреді, бірақ пойыз рельстермен жүреді.

Қосымша

- Бұл жаттығуды кеңейту үшін, балалардан сынныптарды үшін өздерінің көлік сөздері тапсырмасын жасау үшін сөздіктерді қолдануарын сұраңыз.

3. Аяа райы

3.1 Аяа райы туралы

<i>Тілдік деңгейі</i>	**
<i>Тілдік мақсат</i>	Ақпараттық, баяндама, анықтама, ауыспалы осы шақ,
<i>Дағды</i>	Жазылым
<i>Ойлау әрекеті</i>	Құрастыру
<i>Оқыту әдісі</i>	Шығармашилықты ынталандыру – қателерді қабылдау
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	Улken сыныптарға сай топтық, жұмыс
<i>Дайындық</i>	Сізге жеті үлкен қағаз парагы керек болады. Әр үлкен қағаз парагы басына бір сұрақ жазыңыз. 11-кестені қараңыз

Жүргізілу барысы:

- Сыныпты жеті топқа бөліп, әр топқа аяа райы элементі туралы сұрағы бар қағаз парагын беріңіз, мысалы: *Кемпірқосақ деген не?* Басқа сұрақтар мен жауаптар үлгісі үшін 11-кестені қараңыз.
- Топтың жауапты ойлануы мен қағазға жазуы үшін бір минуты бар.
- Қағаздар сосын басқа топтарға беріледі.
- Балалар өз құрбыларының сұрақтары мен жауаптарын оқиды. Олар жауапқа қоса алатындары туралы ойланады. Кейбір оқытушылар оқушылардың ғылыми білімді қолданғандарын қалайды, ал басқалары сынни ойлауға ынталандырады, мысалы: *Аспандағы алыптар жиһаздарын жылжытқанда күн күркіреіді.*
- Қағазды әр топ үлес қосқанға дейін немесе олардың уақыты немесе идеяларды біткенге дейін алмастыруды жалғастырыңыз.

11-кесте. Аяа райы сұрақтары

Кемпірқосақ деген не?	Мысалы: Кемпірқосақ деген не?
Жаңбыр деген не?	Кемпірқосақ – аспандағы арка/доға/жартылай шеңбер.
Қар деген не?	Оның жеті түсі бар.
Бұлт деген не?	Түстері: қызыл, қызығылт-сары, сары, жасыл, көгілдір, көк және күлгін.
Күн күркіреу деген не?	Кемпірқосақ жаңбырдан соң шығады.
Найзагай деген не?	Кемпірқосақ су тамшыларынан жасалады.
Жел деген не?	Жарық кемпірқосақ арқылы жанады.
	Кейбір адамдар кемпірқосақ сәттілікті білдіреді дейді.

Қосымша

- Балалар өздерінің түпнұсқа қағаз параптарын көрсетіп, жұмыстарын сынның қабырғасына іледі.

3.2 Сен мектепке қалай барасың?

<i>Тілдік деңгейі</i>	**
<i>Тілдік мақсат</i>	<i>бірақ, себебі</i>
<i>Дағды</i>	Тыңдалым және айттылым
<i>Ойлау әрекеті</i>	Қарама-қайшылық мәні пен себеп мәнінің арасын ажырату
<i>Оқыту әдісі</i>	Тиянақтылыққа ынталандыру – қателерді түзету
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	Улken сыныптарға сай барлық сынның жұмысы

Жүргізілу барысы:

- 12-кестедегі сөйлем бөлігін оқыңыз.
- Бір баланы сөйлемді *бірақ* сөзімен толықтыру үшін таңдаңыз.
- Сосын басқа баланы дәл сол сөйлемді *себебі* сөзімен толықтыру үшін таңдаңыз.



4. Оқушылар мектепке қалай келетінін сипаттауы керек немесе олар қызықты қиялға құрылған әңгіме құрастыра алады.
5. *Ескертү:* Оқушылар себебін көрсеткен кезде ауа райы, табиғат құбылыстарымен байланыстырганы дұрыс.

12-кесте. Мектепке бару

Сөйлем бөлігі 1-үлгісі	Сөйлем бөлігі 2-үлгісі	Қызықты идеялар
Мен әрдайым мектепке автобуспен барамын, бірақ... себебі...	Әдетте мен мектепке машинамен келемін, бірақ... себебі...	Кейде мен мектепке жүгіремін, бірақ... себебі...
Мен мектепке ешқашан пойызбен бармаймын, бірақ... себебі...	Мен мектепке жиі жаяу келемін, бірақ... себебі...	Әдетте мен мектепке қайықпен жүзіп барамын, бірақ... себебі...
Кейде мен мектепке велосипедпен барамын, бірақ... себебі...	Кейде мен мектепке мотоциклмен келемін, бірақ... себебі...	Кейде мен мектепке конькимен келемін, бірақ... себебі...

3.3 Кешігудің себебі

<i>Тілдік деңгейі</i>	**
<i>Тілдік мақсат</i>	<i>Хат, жедел өткен шақ</i>
<i>Дағды</i>	<i>Жазылым</i>
<i>Ойлау өрекеті</i>	<i>Түсіндіру</i>
<i>Оқыту әдісі</i>	<i>Шығармашылықты ынталандыру – қателерді қабылдау</i>
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	<i>Үлкен сыныптарға сай жеке жұмыс</i>
<i>Дайындық</i>	<i>Оқушыларға мекенжайы, мерзімі, амандасу мен қоштасу сөздері көрсетілген хаттың жалпы үлгісін бере аласыз.</i>

Жүргізілу барысы:

1. Бұл жаттығуды түрлі жолдармен жасауға болады. Оқушылар сабакқа кешіккендеңі жағдайды шынайы көрсете алады. Немесе балаларды кешігудің түрлі себептерін көрсетуге шақыра аласыз. Бұл жаттығуды орындаудың тағы бір жолы – себеп түрлеріне шектеулер қою. Мысалы, себептер тек ауа райына байланысты болуы керек.
2. Оқушылар топта сабакқа кешігу себептерін талқылайды және тақтаға тізіп жазады.
3. Сосын оқушылардан сабакқа неге кешіккендіктері туралы қысқаша «түсініктеме» жазуларын сұраңыз. Бұл 3-4 сөйлем көлемінде шектелуі тиіс.
4. Оқушылар арасынан жақсы шыққан түсініктемені оқытыңыз.

Ауа райына байланысты себептер мысалы:

Жел менің қалпағымды ұшырып әкетті.

Қар есік алдын басып қалды.

Жаңбыр менің үй жұмысымды сулап тастады.

Жел сөмкемді ұшырып әкетті.

Найзагай ойнап қорқып кеттім.

4. Фылыми фантастика

4.1 Қиял-тажайып әңгіме

<i>Tілдік деңгейі</i>	***
<i>Tілдік мақсат</i>	Әңгіме құрастыру
<i>Дағды</i>	Айтылым
<i>Ойлау әрекеті</i>	Қиялдау және құрастыру
<i>Оқыту әдісі</i>	Шығармашилыққа ынталандыру – қателерді қабылдау
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	Улken сыйыптарға сай топтық жұмыс

Жүргізілу барысы:

- Сыныпты үш топқа бөлініз.
- Бірінші топ фылыми фантастикада пайда болатын кейіпкерлер туралы ойлануы керек.
- Екінші топ фылыми фантастикалық әңгімеге қажетті оқиға орны (ғарыш, қала) жайлы ойлану қажет.
- Үшінші топ фылыми фантастикалық әңгімеге сюжетті ойластыру.
- Әр топ талқылайды, белгілі бір шешімге келеді. Кейін әр топтан бір оқушы шығып жаңа топ құрады (Джиксо әдісі). Жаңа топ кейіпкерлер сарапшысы, оқиға орны сарапшысы және сюжет сарапшысынан құралады, олар бірлесе отырып әңгіме құрастырады.

13-кесте. Әңгіме жоспары

Кейіпкерлер Оқиға орны Сюжет	Сен, сенің досың, келімсек, ғарыш жаратылысы, құбыжықтар, астронавттар. Планета, болашак, өткен шак, джунгли, шөл, ұнгір. Фарышта адасқандар; БҰН-мен кездескендер; Ұақыт бойымен болашаққа / өткенге сапар шеккендер; Жаңа планета ашу.
------------------------------------	---

Қосымша

- Балалар өз әңгіме жоспарларын кестеге жазады. 13-кестені қараңыз.
- Әр топ әңгіме құрастырып, оны таныстырады. Жұмыстар сыйып бөлмесінің қабыргаларына ілінеді.

4.1 Ғарыштағы демалыс

<i>Tілдік деңгейі</i>	***
<i>Tілдік мақсат</i>	<i>Пікірталас, күрделі емістіктер</i>
<i>Дағды</i>	Айтылым
<i>Ойлау әрекеті</i>	Талдау, салыстыру және бағалау
<i>Оқыту әдісі</i>	Шығармашилыққа ынталандыру – қателерді қабылдау
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	Улken сыйыптарға сай барлық сыйып жұмысы Топтық талдау
<i>Дайындық</i>	Тақтага улken кесте салыңыз. 14-кестені қараңыз

Жүргізілу барысы:

- Тақтаға тақырыпты жазыңыз: «Ғарыштағы демалыс».
- Оқушыларды тақтадағы кестемен таныстырыңыз.
- Балаларға ғарышта демалудың артықшылықтары мен кемшіліктері туралы талқылаударын сұраныңыз. Оларға кестенің әр бөлігіне жазуға болатын идея мысалдарын беріңіз.



4. Сыныпты бірнеше топқа бөліңіз және әр топ кезекпен артықшылықтар мен кемшіліктерге бір-бірден идея қосады. Топ мүшелері алдымен идеяларын талқылап, сосын кестеге қосатын бір идеяны шешеді. Балаларды *алар едік / алмас едік, болар еді, мүмкін* сияқты тіркестерді қолдануға ынталандырыңыз. Олар кесте толтыруды идеялары біткенге дейін жалғастырады.
5. Ең соңғы идеяны қосқан топ жеңімпаз болып саналады.

14-кесте. Фарыш саяхаты: артықшылықтар мен кемшіліктер кестесі

Тақырып: Фарыштағы демалыс

Артықшылықтар	Кемшіліктер
---------------	-------------

Артықшылықтар мысалы:

Мұғалім: Фарышта демалудың жақсы жақтары қандай? Несімен пайдалы болуы мүмкін?

Оқушылар: Бұл біз үшін жаңа тәжірибе **болар еді**. Біз ешқашан көрмеген нәрселерді көре **алар едік**. Мысалы, Сатурнның сақиналары, Марстың жанартауы. Біз жерді фарыштан көре **алар едік**. Өзге де тіршілік формаларын кездестіре **алар едік**. Біз күн жүйесі қалай жасалғанын көре **алар едік**.

Кемшіліктер мысалы:

Мұғалім: Фарышта қандай қыындықтар **болуы мүмкін**? Фарышта демалуга не кедергі **болар еді?**

Оқушылар: Фарышта демалу тым қымбат **болар еді**. Біз ұзақ уақыт бойы алыста болар едік. Біз өзіміздің үйреншікті тағамдарымызды жей алмас едік. Фарышта ашулы келімсектер **болуы мүмкін**. Фарыш кемесі сынып қалуы мүмкін.

Қосымша

- Сіз оқушыларға кестені фарышта демалудың артықшылығы мен кемшілігін көрсететін абзацтар жазу үшін жоспар ретінде қолдандыра аласыз.

4.2 Марс туралы

<i>Tілдік деңгейі</i>	***
<i>Tілдік мақсат</i>	Ақпараттық баяндама, ауыспалы осы шақ
<i>Дағды</i>	Кілт сөздерді тыңдау, дұрыс жазу
<i>Ойлау әрекеті</i>	Ақпаратты топтай
<i>Оқыту әдісі</i>	Тиянақтылыққа ынталандыру – қателерді түзету
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	Үлкен сыныптарға сай барлық сынып жұмысы
<i>Дайындық</i>	15-кестенің көшірмесін жасаңыз. Жауаптарын көшірмеңіз

Жүргізілу барысы:

1. Оқушыларға жазба жасау үшін кестенің көшірмесін беріңіз. 15-кестені қараңыз.
2. Ескерту: Жауаптар бағанында кейбір жауаптар берілген, сол арқылы балалар қандай ақпаратты қою керектігін біледі. Бұл тапсырманы бермес бұрын оқушыларға кейбір сөздерді түсіндіру қажет болуы мүмкін.
3. Оқушыларға Марс туралы мәтін оқисыз, олар тыңдай отырып кесте толтырады.
4. Марс туралы ақпаратты баяу және бір қалыпты қарқынмен оқыңыз. 16-кестені қараңыз. Бұл диктант емес, сондықтан сіздің оқу жылдамдығыңыз орташа екпінді болуы керек. Балалар кесте толтыру үшін түйін сөздерді тыңдайды.
5. Оқып болған соң, балалардан жауаптарын жұптарымен тексерулерін сұраңыз.

Қосымша

- Оқушылар жазбаларын қолдана отырып, Марс туралы абзац құрастыра алды.

15-кесте. Марс туралы ақпарат кестесі

Сұрақтар	Жауабы	Сипаттамасы
Марс қалай орналасқан? ... жасалған? Температурасы? Түсі? Марстың кейбір қасиеттері қандай? Марста тіршілік бар ма? Марста су бар ма?	Кратерлер, жанартаулар	Жерге ең жақын Тас Суық Қызыл Мұз шындары, кратерлер, терең алқаптар, жанартаулар Табылмаған / Әлі белгісіз / Фалымдар іздеуде Табылмаған / Әлі белгісіз / Фалымдар іздеуде

16-кесте. Марс: ақпараттық баяндама.

Марс – жерге ең жақын планета. Ол тастан жасалған. Онда өте суық және жердегі солтүстік пен оңтүстік полюстегідей мұзды шындар бар. Жерден қараганда Марс қызыл болып көрінеді. Марста көптеген кратерлер, кейбір терең алқаптар мен биік жанартаулар бар. Кейбір фалымдар Марста тіршілік болуы мүмкін дейді, бірақ олар әзірше ешқандай тіршілікті таппады. Фалымдар сондай-ақ Марста су іздеуде.

4.3 Жақсы және жаман патша

Tілдік деңгейі	*
Tілдік мақсат	Әңгіме, антонимдер, бұрынғы өткен шақ
Дағды	Тыңдалым және айтылым
Ойлау әрекеті	Салыстыру
Оқыту әдісі	Шығармашылықта ынталандыру – қателерді қабылдай білуге үйрету
Қарым-қатынас түрі	Улken сыныптарға сай барлық сынып жұмысы

Жүргізілу барысы:

- Алдымен оқушыларға патша туралы қысқа ертегі оқып бересіз. Оқушыларға тапсырманы түсіндіресіз.
- Ертегіні екінші рет оқығанда оқушылар жақсы патшаның сипаттамасын тыңдай отырып, сын есімдерді антонимдерімен алмастырып жазуы керек. Мысалы, Ертеде ақылды патша өмір сүріпти. 17-кестені қараңыз.
- Оқушылар сөйлемдерді тыңдай отырып жазып алады және кездескен сын есімдерді антонидерімен алмастырып отырады. Тапсырма аяқталған соң оқушылар жаман патша туралы өз мәтіндерін оқып береді. Оқушылардың антонимдерді орынды қолдануы бағаланады.

17-кесте. Жақсы және жаман патша

Жақсы патша	Жаман патша
<p>Ертеде ақылды патша өмір сүріпті. Ол өте жас және тартымды екен. Ол әдемі, таза, жаңа киімдер күйліті. Таңғы асқа ол дәмді жұмыртқа жейді екен. Тұскі асқа ол үлкен дастархан әзірлетеуді екен. Кешкі асқа ол өнерлі, білімді адамдарды шақырады екен. Ол өте мейірімді болыпты.</p>	<p>ақымақ кәрі және ұсқынсыз жарамсыз, кір, ескі дәмсіз шагын өнерсіз, білімсіз қатал</p>

Қосымша

- Балалар жаман патша сипаттамасын жазып, мәтін құрастырады. Олар өз сипаттамаларын иллюстрациялайды және сыннып бөлмесіне іледі.




4.3 Динозавр суретін салу

<i>Tілдік деңгейі</i>	*
<i>Tілдік мақсат</i>	<i>Сипаттама, дене мушелері, сандар, түстөр.</i>
<i>Дағды</i>	<i>Демальді тыңдалым</i>
<i>Ойлау әрекеті</i>	<i>Еске түсіру</i>
<i>Оқыту әдісі</i>	<i>Тиянақтылыққа ынталандыру – қателерді түзету</i>
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	<i>Улken сыныптарға сай барлық сыйып жұмысы</i>

Жүргізілу барысы:

- Оқушыларға түрлі түсті қарындаштар мен қаламдарын алуларын сұраңыз. Оларға қиялдан туған жануар суретін салатындарын айтыңыз.
- Оқушылар жануар суретін бір қырынан ғана салады. Яғни оқушыға түсінікті болу үшін сол жақ не оң жақ қырыңыздан қарап көрсететіз. Оқушылармен суретті салу барысын талқылауға да болады.
- 18-кестедегі жануар сипаттамасын бір-бір жолдан асықпай оқыңыз.
- Оқушылар суреттерін аяқтаған соң, нұсқаулыққа сәйкестігін қайта тексеру керек. Олардан салған суреттерінің қай жануар екенін сұрап, оның динозавр екенін атап өтіңіз.



18-кесте. Динозавр сипаттамасы

Жұмыртқа пішіндес үлкен әрі жасыл түсті денені салындар.

Қысқа әрі жуан жасыл түсті мойын салындар.

Жұмыртқа пішіндес жасыл деген бас салындар.

Бір ғана көзін салындар.

Откір тістері бар үлкен қызыл ауыз салындар.

Қолтырауындықіндей үлкен жасыл құйрық салындар.

Пілдің аяғындағы екі жуан жасыл аяқ салындар.

Екі кішкене жасыл қол салындар.

Қосымша

- Бұл тапсырманы оқушыларға жұпта орындауда болады. Оқушылардың бірі жануар сипаттамасын дайындаіды. Екіншісі нұсқаулық бойынша суретін салады, кейін тексереді.

5. Қоршаган орта

5.1 Әлемдегі өзендер

<i>Tілдік деңгейі</i>	*
<i>Tілдік мақсат</i>	<i>Өзен аттары, әліпби әріптері</i>
<i>Дағды</i>	<i>Демальді тыңдалым</i>
<i>Ойлау әрекеті</i>	<i>Әріптерді тану және жазу</i>
<i>Оқыту әдісі</i>	<i>Тиянақтылықты ынталандыру – қателерді түзету</i>
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	<i>Улken сыныптарға сай барлық сыйып жұмысы</i>

Жүргізілу барысы:

- Сыныпқа кейбір танымал өзен аттарын әріптең оқып шығасыз. Оқушылар өзен аттарын әріптең жазады. Өзен аттарының бас әріптермен жазылатынын ескертіңіз.



2. Оқушылар жұпта бір-бірінің жазбаларын тексеріп шығады.
3. Оқушылар картаны қолдана отырып, аталған өзендердің қай елде, континентте екенін анықтайды. Кестенің екінші бөлігін толықтырады. 19-кесте көшірмесін тақтаға жазып қоюға болады.
4. Алдыңғы тапсырмаларды орындағаннан кейін оқушылар өзен аттарын әліпбі ретімен орналастыруы қажет. Сонымен қатар, осы өзендерге қысқаша анықтама жаздыруға болады.

19-кесте. Элемдегі өзендер

A-М-А-З-О-Н-К-А	Оңтүстік Америка
Н-І-Л	Африка
Д-Ү-Н-А-Й	Германия/Европа
Г-А-Н-Г	Үндістан/Азия
М-И-С-С-И-С-И-П-И	АҚШ
С-Е-Н-А	Франция/Европа
Я-Н-Ц-З-Ы	Қытай/Азия

5.1 Табиғатта серуендеу

<i>Tілдік деңгейі</i>	*
<i>Tілдік мақсат</i>	<i>Көмекші есімдер, нақ осы шақ</i>
<i>Дағды</i>	<i>Оқу және тыңдау</i>
<i>Ойлау әрекеті</i>	<i>Иллюстрациялау және түсінігіру</i>
<i>Оқыту әдісі</i>	<i>Тиянақтылыққа ынталандыру – қателерді түзету</i>
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	<i>Улкен сыныптарға сай барлық сынып жұмысы</i>
<i>Дайындық</i>	<i>20-кестедегі сөйлемдерді жеке параптарға жазыңыз</i>

Жүргізілу барысы

1. Сыныпты әрбір топта үш оқушыдан болатындағы етіп топтарға бөліңіз.
2. Әр топтан бір оқушы сынып алдына шығуын сұраңыз және 20-кестедегі бір сөйлемді оқытыңыз. Бұл оқушылар сөйлем ішінде ерекшеленген сөздерге назар аударуы қажет.
3. Олар өз топтарына оралып, сөйлемей, сіз көрсеткен сөйлемдегі ойды сурет түрінде салады.
4. Салған суреттің жауабын тауып, сөйлемді дұрыс айта білген топ ұпай жинайды.
5. Кейін топтың өзге де оқушылары осы тапсырманы қайталаіды.
6. Тапсырма барлық топ мүшелері қатысу мүмкіндігіне ие болғанға дейін жалғасады.

20-кесте. Табиғатта серуендеу: сөйлемдер

- Ол тау үстімен ұшып барады.
- Ол орман ішінде гүл теріп жүр.
- Ол ауыл төңірегінде велосипед теуіп жүр.
- Ол жағажай маңында жүгіріп жүр.
- Ол теніз астынан қазына ізделеп жүр.
- Ол көлдің ортасымен жүзіп барады.
- Ол сарқырама жанында серуендеп жүр.



5.2 Жаңа жылды тойлау

<i>Tілдік деңгейі</i>	*
<i>Tілдік мақсат</i>	<i>Сөздік қор: өлшем, тұс, сын есім, зат есім, мемлекет атаулары</i>
<i>Дағды</i>	<i>Демальді тыңдалым</i>
<i>Ойлау әрекеті</i>	<i>Сұрыптау</i>
<i>Оқыту әдісі</i>	<i>Тиянақтылыққа ынталандыру – қателерді түзету</i>
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	<i>Жұптық жұмыс</i>
<i>Дайындық</i>	<i>Оқушыларға 21-кесте көшірмесін таратыңыз. Оқушылар ұсынылған тақырыпшага байланысты кестені толтырады.</i>

Жүргізілу барысы:

- Сыныпқа әлем халықтары жаңа жылды әртүрлі тойлайтындарын айтыңыз. Оқушылардан жаңа жылды қалай қарсы алатынын сұраңыз.
- Әр топта төрт оқушыдан болатындағы етіп сыныпты топтарға бөліңіз. Топтың әр мүшесіне кестеде көрсетілген бір-бір тақырыпшаны беріңіз: өлшем, тұс, басқа сын есім және зат есім. 21-кестені қараңыз.
- Оқушыларға ұсынылған тақырыпшага байланысты әртүрлі түйін сөздерді тыңдайтындарын ескертіңіз.
- Топтың әр мүшесіне түйін сөздерін кестеге толтыруға уақыт бере отырып, 22-кестедегі сөйлемдерді оқыңыз.

Ескерту: Бұл жаттығуда қабілетті төменірек оқушылар өлшем немесе тұс сияқты сөздерді, ал қабілетті жогарылар басқа сын есім немесе зат есімдерді жазуды бөліп беріңіз.

21-кесте. Тыңдалым кестесі

Өлшем	Тұс	Басқа сын есім	Зат есім	Мекен
Кішкентай	Қызыл	Шаршы	Конверт	Қытай
Ұлken	Ақ	Домалақ	Күріш күлше	Корея
Кішкентай	Қоңыр	Тәтті	Бәліш	Голландия
Өте кішкентай	Сары және қара	Жұмсақ	Бүршақ	АҚШ
Кішкентай	Жасыл	Дәмді	12 жүзім	Испания
Ұзын	Сары	Жұқа	Кеспе	Жапония

22-кесте. Әлем халықтары жаңа жылды қалай қарсы алады?

- Испанияда жаңа жыл қарсаңында 12 кішкентай жасыл жүзім жейді.
- АҚШ-тың оңтүстігіндегі адамдар жаңа жылда сәттілік әкелу үшін өте кішкентай, сары және қара жұмсақ бүршақтар жейді.
- Қытайда ата-аналар жаңа жылда балаларына ішінде ақшасы бар кішкентай, қызыл шаршы конверт береді.
- Жапонияда жаңа жыл қарсаңында адамдар ұзын, жұқа, сары кеспелер жейді.
- Корей адамдары ұлken, ақ, домалақ күріш күлшелерін жаңа жыл тойланатын күні жейді.
- Голландиялықтар жаңа жылды қарсы алғанда кішкентай қоңыр тәтті бәліш жегенди жақсы көреді.



5.3 Жаңа жыл күнгі электронды хаттар

<i>Tілдік деңгейі</i>	**
<i>Tілдік мақсат</i>	Электронды хат, ауыспалы осы шақ
<i>Дағды</i>	Оқылым және жазылым
<i>Ойлау әрекеті</i>	Құрастыру және жасау
<i>Оқыту әдісі</i>	Шығармашылдықты ынталандыру – қателерді қабылдау
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	Улken сыныптарға сай жеке жұмыс
<i>Дайындық</i>	Усынылған хатты қолдануга немесе өзініз басқа хат мәтін таңдауыңызға болады.

Жүргізілу барысы

- Сыныпқа австралиялық оқушылардың электронды хат жібергенін айтыңыз. Оларға хат мәтінін таратыңыз.
- Оқушылар енді оларға жауап хатын дайындау қажет. Олар бұл хатты үлгі ретінде қолдана алады. Ерекшеленген сөздерді өз хаттарына қолдана алады.

Австралиядан хат

Сәлем!

Біздер Сидней қаласының 5-сынып оқушыларымыз. Жыл сайын біздің елге жаңа жылды тоілауға көптеген адамдар келіп жатады. Әдемтте біздер жаңа жыл кешін үйімдастырамыз және барлық балалар жаңа жыл түнін үйқысыз өткізеді. Келесі күні үйқымыз келіп шаршаймыз. Ал сендер бышылғы жаңа жылды қалаі тоілайын деп жатырсыңдар?

Ескерту: Егер қаласаңыз, бірігіп сынып жауабын жасауға болады. Бұл жағдайда сіз оқушылардың ұсыныстарын сұрап, оларды тақтаға жазасыз. Кейін сыныппен бірігіп түзетулер жасап, электронды хатты жақсартудын жолдарын ойластыруға болады.

5.4 Табиғи апattтар

<i>Tілдік деңгейі</i>	***
<i>Tілдік мақсат</i>	География және ауа райы тақырыбындағы сөздер
<i>Дағды</i>	Тыңдалым және айтылым
<i>Ойлау әрекеті</i>	Іріктеу, сәйкестендіру және дәлелдеу
<i>Оқыту әдісі</i>	Шығармашылдыққа ынталандыру – қателерді қабылдауға үрету
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	Улken сыныптарға сай топтық жұмыс
<i>Дайындық</i>	Табиғат апattтары туралы диаграмма суретін салыңыз

Жүргізілу барысы

- Тақтадағы диаграммада берілген табиғи апattардың әрқайсысының мағынасын қысқаша түсіндіріңіз. Сіз бұны жасау үшін балалардың ана тілін қолдана аласыз. 86-қорапты қараңыз.
- Сыныпты шағын топтарға бөліп, әр топтан тақтадағы диаграмманы салуарын сұраңыз.
- Сосын балалардан әр сөзді оқығанда сөздік қорды тыңдауларын сұраңыз. 85-қорапты қараңыз. Оларға сөздік қорды диаграммадағы табиғи апattарға сай сұрыптауларын қалайтыныңызды айтыңыз. 86-қорапты қараңыз.
- Балаларға әр сөздік қор бірлігін қай жерге қойғысы келетіндіктерін талқылауға уақыт беріңіз. Олар сөздік қор бірлігін диаграммадағы табиғи апattар жанына жазады.
- Олар бітірген соң, әр топтан жауаптарын сыныппен бөлісулерін сұраңыз. Түрлі категорияларға бірдей келетін сөздер болатыны сөзсіз, мысалы: ыстық орман өртіне де, жанартауға да, қуанышылыққа да бірдей келеді. Топ өз таңдауларын дәлелдей алса, жауапты қабылдаңыз. Үлгі жауаптар 87-қорапта берілген.



23-кесте. Табиғи апап туралы сөздер

Боран, құйынды дауыл, су басу, жер сілкінісі, жанартаудың атқылауы, кенеттен қалың қар жауу, цunami, қар көшкіні, құргақшылық, сел, өрт, ыстық, т.б.



5.5 Төтенше жағдай кезінде жасалатын шаралар

Tілдік деңгейі	*
Tілдік мақсат	Бүйрықты сөйлем
Дағды	Зат есімдер мен етістіктерді тыңдау
Ойлау әрекеті	Ақпаратты іріктеу
Оқыту әдісі	Тиянақтылыққа ынталандыру – қателерді түзету
Қарым-қатынас түрі	Үлкен сыныптарға сай жұптық жұмыс
Дайындық	24-кестенің 2, 3, 4-бөліктерін дайындаңыз. Етістіктер мен зат есімдер бөлігінде тек қана сандардығана қалдырыңыз.

Жүргізілу барысы

- Оқушыларға төтенше жағдайға байланысты мәтін оқытыныңызды түсіндіріңіз. Бұл мәтін дауыл немесе циклон келе жатқанда адамдардың жасауға тиіс әрекеті жайлы. Тұратын аймағыңызға байланысты орынды сөзді таңдаңыз, мысалы: *дауыл* немесе *боран*. Оқушылардың бұл сөздің мағынасын түсінетіндігіне көз жеткізіңіз.
- Оқушылар жұпқа бөлінеді. Бір оқушы барлық зат есімдерді тыңдауы тиіс, ал екіншісі барлық етістіктерді тыңдауы тиіс. Бұл жаттығуда етістікті тыңдау зат есімді тыңдаудан гөрі оқайырақ, сондықтан етістіктерді қабілетті төменірек оқушыларға беріңіз.
- Енді 24-кестедегі төтенше жағдай әрекеттерін асықпай оқыңыз.
- 24-кесте бойынша 2, 3, 4-бөліктерін оқушылар өздері тыңдай отырып, толтыруы қажет. Етістіктер және зат есімдер бөлігінде сандарғана тұруы тиіс.
- Оқушылар толтырған соң өзге жұптармен жауаптарын салыстырып көреді.
- Төтенше жағдайдағы қауіпсіздік шараларына байланысты қысқа мәтін құрастырады.



24-кесте. Дауыл/Циклон қауіпсіздік нұсқаулары

Қауіпсізді шаралары	Бос орынды толтыру	Етістіктер	Зат есімдер
Дайындық: Радио мен қол шамы батареяларын, сондай-ақ консервіленген тамақ сатып алыңыз. Үлкен бөтөлкелерді ауыз суымен толтырыңыз.	Дайындық: 2 ... мен 3 ... батареяларын, сондай-ақ консервіленген 4 ... 1 Үлкен 6 ... ауыз 7 ... 5	1 сатып алыңыз 5 толтырыңыз	2 радио 3 қол шамы 4 тамақ 6 бөтөлке 7 су
Циклон/дауыл кезінде: Радио немесе теледидарды ақпарат үшін тыңдаңыз. Үйініздің ең мықты жағына барыңыз, мысалы: ванна, жертөле немесе дәліз.	Циклон/дауыл кезінде: 9 ... немесе теледидарды ақпарат үшін 8 Үйініздің ең мықты жағына 10 ..., мысалы: 11 ..., жертөле немесе 12	8 тыңдаңыз 10 барыңыз	9 радио 11 ванна 12 дәліз

Қосымша

- Егер қосымша уақыт болса, 24-кестеде көрсетілген төтенше жағдайға үқсас өзге төтенше жағдай кезінде жасалатын әрекеттер тізімін (зат есімдер мен етістіктер тізімін) қолдана аласыз.
- Мәтін құрастыру барысында тақтаға оқушылардың өз ұсыныстарын жазуға болады немесе оқушыларға бір-бірден жаздыруға болады. Алғашқы уақытта жасалған қателіктерге мән бермейсіз. Мәтін жазылып болған соң оқушылармен кеткен қателіктер туралы талқылау жүргізесіз. Оқушылармен қате себептерін анықтап, оларға түсіндіре отырып, түзетулер енгізесіз.

6. Салауатты өмір

6.1 Өз биінді жаса

Тілдік деңгейі	*
Tілдік мақсат	Дене мүшелері, қимыл-қозғалыс етістіктері
Дағды	Айтылым, тыңдалым және оқылым
Ойлау әрекеті	Жасау
Оқыту әдісі	Шығармашылыққа ынталандыру – қателерді қабылдауга үйрету
Қарым-қатынас түрі	Үлкен сыйынтарға сай жұптық жұмыс
Дайындық	Оқушыларға билеуге қолайлы ән таңдаңыз.

Жүргізулю барысы

- Оқушыларға бірігіп жаңа би ойлап табатындарыңызы айттыңыз. Бір музика қойып, алғашқы қимыл түрлерін ұсыныңыз. Мысалы: Қолдарыңды қолдарыңа қойып, саусақтарыңмен басыңдар. Бұл сөйлемді тақтаға жазып, оқушыларға осы қимылды жасатыңыз.
- Оқушылар жұптарымен келесі би қимылына не таңдайтындықтарын жоспарлауы керек. Кейбір ұсыныстар 25-кестеде көрсетілген. Кейін оқушылардың бірі би қимылын көрсетеді, қалғандары қайталайды. Қимылдың атауын тақтаға жазасыз.
- Қимыл атауларын жазған кезде оқушыларға түсіндіріп, артынан ауызша қайталатып отырыңыз. Себебі кейбір оқушылар қимыл қозғалыс атауларын білмейі мүмкін.
- Тақтаға жазылған барлық қимыл атауларын оқушыларға оқытып, кейін ән қосып, оқушылармен бірлесіп би билеуге болады.



25-кесте. Би қозғалыстары

Дене бөлікттері	Қозғалыстар
Қолыңды қолыңа қой	Теңселеу
Қолыңды желкеңе апар	Басу
Қолыңды тізеде қой	Бұрылу
Қолыңды табаныңа тигіз	Ұру
Тізенді мұрныңа тигіз	Шапалақтау
Шынтақты тізіңе тигіз	Секіру
	Жүгіру
	Жүргү
	Айналу
	Көрсету
	Қолды көтеру
	Құсша ұшу

6.2 Көркем гимнастика

<i>Tілдік деңгейі</i>	*
<i>Tілдік мақсат</i>	<i>Нұсқаулар, дене мүшелері мен геометриялық фигуralар</i>
<i>Дағды</i>	<i>Айтылым және тыңдалым</i>
<i>Ойлау әрекеті</i>	<i>Нұсқауларды орындау</i>
<i>Оқыту әдісі</i>	<i>Тиянақтылыққа ынталандыру – қателерді түзету</i>
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	<i>Үлкен сыныптарға сай барлық сынып жұмысы</i>
<i>Дайындық</i>	<i>Тақтага шеңбер, шаршы және үшбұрыш сыйыңыз. Геометриялық фигуralар жанына атауларын жазыңыз.</i>

Жүргізілу барысы

- Оқушыларды орындарынан түрүларын сұрап, оларға 26-кестедегі нұсқаулардың бірін беріңіз. Мысалы: *Aуаға қолыңмен үлкен шеңбер сыз.* Тапсырма мақсаты оқушыларға қимыл жаттығуларын орынданғанда отырып, оларды сергіту және дене мүшелері атауларын қайталау.
- Олар жаттығу мақсатын түсінгенде, өзгелерге нұсқаулар беру үшін оқушылардың бірін сынып алдына шақырыңыз. Оқушы сыныпқа жаттығу орындарады, мысалы: *Оң аяғыңмен кішкентай шаршы сыз.*
- Жаттығуларды орындаған оқушы келесі оқушыны таңдайды.

26-кесте. Фигураларды ауаға сыйзу

Оң қолыңмен Сол қолыңмен Кішкентай саусағыңмен Бас бармағыңмен Басыңмен Мұрныңмен Көздеріңмен Құлағыңмен Сол аяғыңмен Оң аяғыңмен Үлкен бармағыңмен Тізенмениңмен	Үлкен/кішкентай сыйз	Шеңбер  Шаршы  Үшбұрыш 
--	-------------------------------	---

Қосымша

- Бұл тапсырманы түрлендірудің өзге бір жолы дене мүшелерін қолдана отырып, оқушыларға өз есімдерін ауаға жаздырту.



6.3 Тазалық гигиенасы

<i>Тілдік деңгейі</i>	*
<i>Тілдік мақсат</i>	<i>Дене мүшелері, жеке бас тазалығы</i>
<i>Дағды</i>	<i>Айту: ырғақ, екпін</i>
<i>Ойлау әрекеті</i>	<i>Құрастыру</i>
<i>Оқыту әдісі</i>	<i>Шығармашылықта ынталандыру – қателерді қабылдауды үйрету</i>
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	<i>Улken сыйыптарға сай барлық сыйып жұмысы</i>

Жүргізілу барысы

- Оқушылардан мектепке таза болып келу үшін таңертең не істеу керектігін сұраңыз. Олар іс-әрекеттерді айтқан кезде негізгілеріне баса назар аударыңыз. Мысалы, денені таза ұстай, жуыну, тісті тазалап тұру, т.б.
- 27-кестедегі тақпақтарды пайдалана отырып, белгілі бір әуенмен орындатуға болады немесе әнді оқушылардың өздері таңдайды. Бұл тапсырмадағы мақсат оқушылардың назарын гигиена тақырыбындағы сөздерге аудару (3-баған).
- Оқушылар тақпақтағы көнесті әндете отырып, қимылмен көрсете алады.

27-кесте.

Тақырыптар	Тақпақ	Гигиена тақырыбындағы сөздер
<i>Дене бітімі</i>	<p>Сымбат-мұсін дегенің Бітім-көркі денеңнің. Сымбат – жүргү әдемі, Дене қалпын тік ұстап: Көтеріп сәл кеудені, Иық жазып дұрыстап. Тұзу отыр, қисаймай, Бүкіреймей, жантаймай. Күш сап бас пен арқаға, Жатып алма партаға.</p> <p>Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жіңі жуын сен: Таңертең де, кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын үйіктар кезінде, Жуын тұрган мезгілде.</p>	<p>Дене қалпын тік ұста Кеудені көтер Тұзу отыр Қисайып отырма Бүкірейме Жантайма</p> <p>Таңертең, жатар алдында жуын Тамақ алдында, тамақтан кейін жуын</p>
<i>Сабын мен су</i>		
<i>Tіс щеткасы</i>	<p>Тіс болмаса, Асты қалай шайнарсың, Тазалап жүр тісінде. Тісті күнде екі рет Кішкене де ыңғайлы, Тазартуды ойларсың. Тіс щеткасын пайдалан. әдет қыл бұл ісінде: Тазалауға болмайды, Щеткасымен басқа адам.</p>	<p>Tісті тазала Күніне екі рет таза Tіс щеткасымен тазала</p>

Қосымша

- Оқушыларға тазалық туралы мәтін құрастыртып немесе сурет салғызуға болады.
- Оқушылардың жасы мен тілдік деңгейіне сай өзге тақпақтарды қолдануға болады.



6.4 Тазалықты сақтау

<i>Tілдік деңгейі</i>	*
<i>Tілдік мақсат</i>	Тазалық тақырыбындағы сөздер
<i>Дағды</i>	Нұсқаулардың ретін тыңдау
<i>Ойлау әрекеті</i>	Еске сақтау
<i>Оқыту әдісі</i>	Тиянақтылықты ынталандыру – қателерді түзету
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	Улken сыныптарға сай барлық сынып жұмысы

Жүргізілу барысы

- Оқушыларды орындарынан тұрғызасыз. 28-кестедегі бір нұсқауды оқып, оны оқушылардың қимылмен көрсетулерін сұраңыз, мысалы: *Бетінді жу*.
- Келесі жолы екі нұсқауды бірінен соң бірі оқыңыз. Оқушылар екі нұсқауды тыңдайды да, қимылмен көрсетеді, мысалы: *Шашыңды тара және тісіңді тазала*.
- Әрдайым нұсқауларды тізімге бір-бірден қосып отырыңыз. Оқушылар біртінде өскен тізімді толықтай тыңдайды. Сіз оқуды тоқтатқан соң, өздіктерінен барлық қимылды рет-ретімен көрсетеді. Оқушы тізімді есіне сақтай алмаса отырады. Нұсқауды толық есіне сақтап қимылдарды ретімен орындаған бала жеңімпаз атанады.

28-кесте. Тазалықты сақтау

Бетінді жу
Ыңғызыңды жу
Шашыңды тара
Киімдерінді жу
Тісінді тазала
Киімдерінді үтікте
Аяқ киімінді тазала
Шұлықтарыңды жу
Шашыңды жу
Қолыңды жу

6.4 Аяқ іздері

<i>Tілдік деңгейі</i>	*
<i>Tілдік мақсат</i>	Аяқ сөзімен тіркесетін етістіктер
<i>Дағды</i>	Сөздік жұмысы
<i>Ойлау әрекеті</i>	Таңдау және зерттеу
<i>Оқыту әдісі</i>	Шығармашылықты ынталандыру – қателерді қабылдау
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	Шағын топтық жұмыс
<i>Дайындық</i>	Топтарға ақ парапттар, маркерлер, сөздіктер қажет болады.

Жүргізілу барысы

- Оқушыларды бірнеше топқа бөліңіз. Эр топқа маркерлер, ақ парапттар таратылады.
- Эр топ қағаз бетіне аяқ ізінің суретін салады. Топ оқушылар аяқ ізін иллюстрация ретінде қолдана отырып, айналасына сөздер жазады.
- Екі топ аяққа қатысты етістіктерді жазса, екі топ аяққа киетін заттардың атауларын жазады. Қажетіне қарай сөздіктерді де қолдана алады. 29-кесте үлгі ретінде ұсынылған.
- Эр топ жасаған жұмыстарын бір-біріне таныстырады, толықтырады.



©Rogue Design and Image * illustrationsOf.com/21832



29-кесте.

Біздің аяғымыз не істей алады?	Біз аяғымызға не киеміз?
Жұгіру	Туфли
Тұру	Шұлық
Үргу	Бәтеңке
Секіру	Коньки
Тебу	Шаңғы
Серуендеу	Футбол аяқ, киімі
Өрмелеу	Роликті коньки
Сырғанау	Теннис аяқ, киімі
Коньки тебу	Жұгіру аяқ, киімі
Шаңғы тебу	Жұзу аяқ, киімі

Қосымша

- Дәл осында жаттығуды қол іздерін қолданып жасауға болады.



6.5 Дәрігер! Дәрігер!

<i>Tілдік деңгейі</i>	*
<i>Tілдік мақсат</i>	<i>Сырқаттар, емдік заттар</i>
<i>Дағды</i>	<i>Айтылым: еркіндік, ыргақ</i>
<i>Ойлау әрекеті</i>	<i>Сәйкестендіру</i>
<i>Оқыту әдісі</i>	<i>Шығармашылықта ынталандыру – қателерді қабылдау</i>
<i>Қарым–қатынас түрі</i>	<i>Улken сыныптарға сай барлық сынып жұмысы</i>
<i>Дайындық</i>	<i>Емдік заттарды тақтага жазып қоюға болады.</i>

Жүргізілу барысы

- Бұл тапсырманы өлең түріндегі диалог етіп өткізуге болады. Ол үшін арнайы әуен таңдалады. Тапсырманы орындаамас бұрын әуеннің сүйемелдеуімен «Мениң басым ауырып тұр» дейсіз. Оқушылар «төсекке жатыңыз» деп айтуы мүмкін.
- Осы мысалды көрсеткеннен кейін сыныпты екі топқа бөлесіз: дәрігерлер және пациенттер.
- Пациенттер тобы әндетіп сұрақ қояды, дәрігерлер тобы әндетіп жауап береді. Оқушылар 30-кестедегі сөздерді қолдана алады.
- Кейін топтардың рөлін ауыстырасыз.



30-кесте. Дәрігер мен пациент

Диалог	Емдік шаралар
Дәрігер: Қалыңыз қалай?	Пластырь, бандаж, аспирин, көз тамшылары,
Пациент: Мениң ... ауырып тұр.	жөтел дәрілері, құлақ тамшылары, мұрын тамшылары, төсекке жат, тұзды суға тұс,
Дәрігер: Бұған осы көмектеседі!	ыстық шай іш, сорпа іш.
Пациент: Рахмет дәрігер.	

Қосымша

- Оқушылар сырқаттарды емдеуге байланысты өз ұсыныстарын қоса алады.



6.7 Қауіпсіздік ережелері

<i>Tілдік деңгейі</i>	**
<i>Tілдік мақсат</i>	Бұйрықты сөйлемдер
<i>Дағды</i>	Тыңдалым
<i>Ойлау әрекеті</i>	Сұрыптау, қорытындылау
<i>Оқыту әдіси</i>	Тиянақтылыққа ынталандыру – қателерді түзету
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	Үлкен сиынтарға сай барлық сиынп жұмысы
<i>Дайындық</i>	Тактага ҚАУІПСІЗДІК сөзін жазыңыз. Астына тақырыпшаларын жазыңыз: Жеке, Жол, Күн, Су.

Жүргізілу барысы

- Оқушыларға кейбір қауіпсіздік ережелерін оқисыз. Олар бұл ережелердің қай қауіпсіздік ережесіне жататынын анықтайды. Мысалы, жеке қауіпсіздік, жол қауіпсіздігі, күн қауіпсіздігі немесе су қауіпсіздігі.
- Бірінші ережені асықпай оқыңыз: Қалпақ және ұзын жеңді жейде ки. Оқушылар бұл ереженің қай ережеге жататынын жазады, мысалы: күн қауіпсіздігі.
- Кейін басқа ережелерді бір-бірлеп оқып шығасыз, оқушыларға жауаптарын жазуға уақыт бересіз.
- Соңында олардың жауаптарын тексеріңіз. Оқушылар тізімге көбірек ережелер қосып, қауіпсіздіктің түрлі аспектілері туралы сиынп қабырғасына стенд дайындай алады.

31-кесте. Қауіпсіздік ережелері

Қауіпсіздік ережесі	Қауіпсіздік саласы
1. Қалпақ және ұзын жеңді жейде ки.	Күн қауіпсіздігі
2. Солға (немесе оңға) қара және оңға (немесе солға) қара, қайтадан солға (немесе оңға) қара.	Жол қауіпсіздігі
3. Бассейнде ешқашан таяз жерде сұңгіме.	Су қауіпсіздігі
4. Қызыл шамға тоқта.	Жол қауіпсіздігі
5. Бөтен адамдармен сөйлеспе.	Жеке қауіпсіздік
6. Көлеңкеде отыр.	Күн қауіпсіздігі
7. Ата-анаңа әрқашан қайды кетіп бара жатқаныңды айт.	Жеке қауіпсіздік
8. Тамақ жеген соң деруе суга туспе.	Су қауіпсіздігі

Қосымша

- Бұл жаттығудан соң қауіпсіздік ережелерін талқылап себебін анықтауға болады.
- Сіздің жергілікті мекенінізге сай басқа да мәселелер мен ережелер болуы мүмкін, мысалы: қар қауіпсіздігі, жануарлар қауіпсіздігі, үй қауіпсіздігі, ойын алаңы қауіпсіздігі. Сол себепті кестедегі сөйлемдерді ауыстыра аласыз.

6.8 Демалыс

<i>Tілдік деңгейі</i>	**
<i>Tілдік мақсат</i>	Салыстырмалы және күшектелі шырай, себебі.
<i>Дағды</i>	Айтылым
<i>Ойлау әрекеті</i>	Сұрыптау
<i>Оқыту әдіси</i>	Шыгармашылыққа ынталандыру – қателерді қабылдауға үрету
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	Үлкен сиынтарға сай жуптық жұмыс
<i>Дайындық</i>	Тактага 32-кестедеге көрсетілген барлық демалыс шараларын тізіп жазыңыз.



Жүргізілу барысы

- Оқушылар тақтада көрсетілген демалыс күнгі шараларды оқиды.
 - Олардан қай жаттығу ең пайдалы, ал қайсысы ең пайдасыз екенін айту сұралады. Бұл туралы біраз пікірталас болуы мүмкін. Оқушыларға идеяларымен бөлісуге мүмкіндік беріціз және 32-кесте берілген сөйлем бөліктерін қолданып, өз ойларының себептерін көрсету қажет.
 - Оқушылар жұпта сын есім шырайларын қолдана отырып, ең пайдайлы демалыс шараларының рейтингісін жасау керек.
 - Кейін жауаптарын өзге жұптармен бөліс отырып талқылады.
- Ескерту: Бұл жерде біржақты жауап жоқ, алайда олар деңсаулығына пайдалы жағын назарға алу керек. Жаттығу мақсаты – пікірталас тудыру және оқушыларға таңдау себептерін дәлелдету.

32-кесте. Демалыс шаралары

Камерамен суретке түсіру	Гитара да ойнау	Сөйлем бөліктері
Музыкаға билеу	Қаланы аралау	Мен ... өте пайдалы деп ойлаймын, себебі ...
Дүкен аралау	Баскетбол ойнау	Мен қарағанда пайдалырақ деп ойлаймын, себебі ...
Кино қарасту	Компьютер ойындарын ойнау	

Қосымша

- Сіз демалыс күнгі шаралар туралы сыннып сауалнамасын жүргізе аласыз. Оқушылар сауалнама нәтижесі бойынша диаграмма дайындаиды.
- Кестедегі демалыс шараларына оқушылар өз ұсыныстарын қоса алады.



7. Көңіл-күй

7.1 Біздің көңіл-күйіміз

Tілдік деңгейі	*
Tілдік мақсат	Көңіл сөзімен байланысты тіркестер
Дағды	Айтылым, жазылым
Ойлау әрекеті	Мысалдар келтіру
Оқыту әдісі	Шығармашылықта ынталандыру – қателерді қабылдау
Қарым-қатынас түрі	Улken сынныптарға сай топтық жұмыс
Дайындық	Көңіл сөзіне байланысты тіркестер тізімі

Жүргізілу барысы

- Оқушылар көңілсіз, көңілді сияқты қарапайым сөздермен таныс болғандықтан, оларға бұл сөздердің өзге де қолданысын беруге болады.
- Сынып оқушылары алты-алтыдан бірнеше топқа не жұпқа бөлу қажет.
- Оқушыларға кестеде ұсынылған «көңіл» сөзіне байланысты тіркестер таратылады. Оқушылар сөздікті қолдана отырып бұл сөздің мағынасын табады, мысалдар келтіреді.
- Оқушылар сынныпқа өздеріне бөлінген сөздерді таныстырады, мысалдар келтіреді.
- Оқушылар осы ұғымдарға байланысты өздерінің ойларымен, өмірден алған мысалдарымен бөліседі.



6. Жұпта осы сөздерге байланысты сұрақтар дайындаپ (кестедегідей), сауалнама жүргізеді.

33-кесте.

Тіркестер	Сұрақ құрастыру	Сөйлем ұлгілері
Көңілі қалу	Біреуден көңілің қалған кез болды ма?	Досымнан көңілім қалды, уәдесіне тұрмайды.
Көңілі көтерілу	Ән салғанда көңілің көтеріле ме?	Би билеген кездे көңілім көтеріледі.
Көңілін аулау	Ренжіген адамның көңілін қалай аулайсың?	Біреу ренжіп жүрсө қызықты әңгіме айтып көңілін аулауға тырысамын.
Көңіл бөлу	Достарыңа көңіл бөліп жүрсің бе?	Достарыма хабарласып тұрамын, сөйтіп үнемі көңіл бөліп тұрамын.
Көңілі шалқу	Көңілі шалқып қуанған адамды көрдің бе?	Ағам оқуға түскен кезде, көңілі шалқып қуанған.

Қосымша

- Оқушыларға «көңіл» сөзіне байланысты өзге де іздену жұмыстарын беруге болады. Мысалы, көңіл кірі, көңіл кешу, көңіл жүгі, көңіл ашу, көңіл көзі, көңіл рахаты, көңіл жұмбара, көңілді тыю, көңілсіз құлақ, қара көңіл, ақ көңіл, қам көңіл, тоқ көңіл, жай көңіл, суынған көңіл, құс көңіл, қайғылы көңіл, есер көңіл, мазасыз көңіл, талапты көңіл, жаралы көңіл, т.б.сөздері.



7.2 Түсініктеме хат

<i>Tілдік деңгейі</i>	**
<i>Tілдік мақсат</i>	<i>Апта күндері, сырқат түрлері</i>
<i>Дағды</i>	<i>Жазылым</i>
<i>Ойлау әрекеті</i>	<i>Түсіндіру</i>
<i>Оқыту әдісі</i>	<i>Шығармашылықты ынталандыру – қателерді қабылдау</i>
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	<i>Үлкен сыныптарға сай жеке жұмыс</i>
<i>Дайындық</i>	<i>34 кестедегі хатты көрсету үшін сынып постерін жасаңыз.</i>

Жүргізілу барысы

- Оқушылармен ауырып қалып, мектепке келе алмай қалған кездері туралы сөйлесіңіз.
- Оқушылар сабакқа келе алмау себебін көрсетіп, түсініктеме хат жазатын болады.
- Оқушылардың назарын постердегі хат ұлгісіне аударыңыз. Қабілетті тәмен оқушылар бос орындарға бір сөзден тұратын жауаптар жазады, ал қабілетті жоғары оқушылар өздерінің сабакқа келмеу себептерін толық жазулады тиіс.
- Оқушылар түсініктеме хаттарын аяқтаған соң, жұптық бағалау үйимдастырыңыз. Бір-бірінің жұмыстарын тексеру кезінде грамматикаға, пунктуацияға, сөздердің орынды қолданылуына және түсініктеме хат ұлгісінің сақталуына мән берулері қажет.

34-кесте. Түсініктеме хат ұлгісі

Мерзімі:
Құрметті

Мен (Қашан? Қай күні?) мектепте
болмағаным үшін кешірім сұраймын.
Мениң (Тісің ауырды ма? Ишің
ауырды ма?)

Сіздің оқушыңыз
..... (Сенің атың)

Қосымша

- Хат ұлгілерін үйреткен кезде, хат ұлгісін көрсете отырып, оның ерекшелігіне, құрылымына оқушылардың назарын аударту қажет. Сонымен қатар белгілі бір хат түрлерінде кездесетін сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлем ұлгілерін оқушыларға көрсету керек.

7.3 Сезім мүшелері

<i>Tілдік деңгейі</i>	*
<i>Tілдік мақсат</i>	<i>Сезім мүшелері</i>
<i>Дағды</i>	<i>Айтылым</i>
<i>Ойлау әрекеті</i>	<i>Құрастыру</i>
<i>Оқыту әдісі</i>	<i>Шығармашилықта ынталандыру – қателерді қабылдау</i>
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	<i>Улken сыныптарға сай топтық жұмыс</i>
<i>Дайындық</i>	<i>Тақтага сезім мүшелері мен атқаратын қызметтерін араластырып жазыңыз, оқушылар оларды сәйкестегіретін болады. Мысалы, көру мүшесі - көз; есту мүшесі - құлақ; иіс сезу мүшесі - мұрын; сипап сезу (түйсіну) мүшесі - тері; дәм сезу мүшесі — тіл.</i>

Жүргізілу барысы

- Сынып оқушыларын бес адамнан тұратын топқа бөліп, әрқайсысына сезім мүшелерінің түрлерін бөліп беру қажет.
- Оқушылар ұсынылған тапсырмаға байланысты жағымды және жағымсыз жағдайларды естеріне түсіріп, жазып отырулары қажет. Кейін топ оқушылары жұмыстарын жинақтап постер құрастырады, бір-біріне таныстырады. Мысалы, Мен бірде гүл көрдім. Ол әдемі болатын. Оның иісі керемет.
- 35-кестені ұлгі ретінде және сезім мүшелерінің атқаратын қызметіне байланысты жаңа сөздерді, дайын тіркестерді үйретуге болады.





35-кесте.

Дене мүшелері	Етістіктер	Сөйлем бөліктері	Жағымды жағдай	Жағымсыз жағдай
Көз	Көрү, тамашалау, байқау	Бірде мен ... көрдім. Ол ... болатын.	гүл/әдемі	кино/ басты кейіпкер көріксіз
Мұрын	Иіскеу, ісін сезу	Кеше мен ... иіскеп көрдім. Ол ... екен.	алманы/дәмді	ботқаны/бұзылған
Құлак	Есту,тыңдау	Таңертең мен ... тыңдадым Ол ... екен.	ән/көңіл көтереді	клип/мағынасыз
Тіл	Дәмін сезу, дәмін тату	Қонақта мен ... дәмін таттым. Ол ... болатын	балмұздақ/тәтті	лимон/қышқыл
Кол	Сипау, ұстаяу	Бірде мен ... сипап көрдім Оның ... екен.	мысық/жұмсақ	тасбақа/ сауыты қатты

Қосымша

- Кестені үлгі ретінде қолдануға болады, қабілеті төмен оқушылар осы кестені қолданып жаза алады. Қабілеті жоғары оқушылар өз мысалдарын қосып, толық сөйлем құрастырып жазады. Ең бастысы сезім мүшелеріне байланысты сезу, қимыл етістіктерін орынды қолдану.

7.4 Оқыс оқиға

<i>Tілдік деңгейі</i>	*
<i>Tілдік мақсат</i>	<i>Жедел жәрдем тақырыбына байланысты сөздер</i>
<i>Дағды</i>	<i>Жазылым және айтылым</i>
<i>Ойлау әрекеті</i>	<i>Оқиғаны рет-ретімен баяндау</i>
<i>Оқыту әдісі</i>	<i>Тиянақтылықты ынталандыру – қателерді түзету</i>
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	<i>Үлкен сыныптарға сай жұптық жұмыс</i>
<i>Дайындық</i>	<i>Мезгіл үстеулерін тақтаға жазып қою керек. Мысалы, алдымен, сосын, содан соң, ... кейін, соңында, т.б.</i>

Жүргізілу барысы

- Оқушыларға 36-кестедегі бірінші баған беріледі. Оқушылар бағандағы сөздерді оқы отырып, оқыға ретін құрастыру қажет. Оқыс оқиғаны құрастыру барысында мезгіл үстеудің мысалдарын орынды қолдану қажет. Мысалы: *Алдымен не болды? Сосын не болды? Одан соң не болды?*
- Тапсырманы жұпта немесе топта ұйымдастыруға болады.
- Бұл тапсырманы орындауға белгілі бір уақыт белгілеңіз. Оқушылар оқиғаны құрастырғаннан кейін сыннып алдында таныстырады.

36-кесте

Аralas сөздер	Оқиға реті
Дәріханашы, сынған аяқ, дәрігер, жедел жәрдем, оқыс оқиға, дәрі-дәрімек, тұманды ауа райы, аурухана.	Тұманды ауа-райы → оқыс оқиға → сынған аяқ → жедел жәрдем → аурухана → дәрігер → дәріханашы → дәрі-дәрімек.

Қосымша

- Оқушыларға осы оқиға негізінде әңгіме құрастыруға болады. Ең бастысы мезгіл үстеуді дұрыс қолдана отырып, оқиға ретін жүйелі баяндап шығу керек.



- Оқушылар осы тапсырма негізінде спорт немесе өрт туралы оқыс оқиғаға байланысты аралас сөздер кестесін дайындаپ, сыныптастарына бере алады.
- Сонымен қатар фактілі оқиға баяндалған мәтін үлгілерін де беруге болады. Бұл тапсырмаларды орындауда бұрын оқушыларға жедел жәрдем, оқыс оқиға тақырыбындағы сөздерді беру қажет.

7.5 Тілек хатын дайындау

Тілдік деңгейі	*
<i>Tілдік мақсат</i>	<i>Сырқат тақырыбына байланысты сөздер, тілектер</i>
<i>Дағды</i>	<i>Жазылым</i>
<i>Ойлау әрекеті</i>	<i>Құрастыру</i>
<i>Оқыту әдісі</i>	<i>Тиянақтылыққа ынталандыру – қателерді түзету</i>
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	<i>Улken сыныптарға сай жеке жұмыс</i>
<i>Дайындық</i>	<i>37-кесте негізінде постер дайындау керек.</i>

Жүргізілу барысы

- Оқушылармен бірге сыныптастарының бірі ауырып қалған кезде оған тілек хатын дайындау қаншалықты маңызды екенін талқылаңыз.
- Сыныпқа хат үлгісінің постерін көрсетіңіз. Тақтаға оқушылардың да ұсыныстарын жазып қойыңыз.
- Алғашқы хат үлгісін оқушылармен бірлесіп дайындаңыз. Кейін оқушылар тілек хатын өздері дайындастырыңыз.
- Жұптық бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқушыларға хаттың сауатты жазылғанына мән берулері қажет.

37-кесте. Хат үлгісі

M Мерзімі Күрметті Біз сенің естігенде уайымдағық, Біз барлығымыз сені сағындық және деп үміттенеміз. (мектеп атапу) Iзгі тілекпен ең жақын достарың

Хатқа қажетті сөз тіркестері:

Біз сенің естігенде қаймықтық:
 ауырып қалғаныңды
 • ішінің ауырғандығын
 • басыңың ауырғандығын

Біз үміттенеміз
 * жуырда тәуір боласың деп
 * жуырда мектепке келесің деп
 * жуырда ауруханадан шығасың деп



Біз сенің естігенде уайымдадық:

- аяғыңың сынғанын
- оқыс оқиғаңды

Қосымша

- Сыныпта кейбір оқушының кенеттен ауырып сабаққа келе алмай қалған жағдайлары болса, оқушыларға хат дайындастып, сыныптастына жібертуге болады.
- Мұндай хатты дайындау оқушылар арасындағы мейірімділік пен жанашырлықты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

7.6 Сыныптас туралы пікір

<i>Tілдік деңгейі</i>	*
<i>Tілдік мақсат</i>	<i>Мінездеме жасау, сипаттай</i>
<i>Дағды</i>	<i>Жазылым</i>
<i>Ойлау әрекеті</i>	<i>Күрастыру</i>
<i>Оқыту әдісі</i>	<i>Шығармашылықты ынталандыру — қателерді қабылдау</i>
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	<i>Үлкен сыныптарға сай барлық сынып жұмысы</i>
<i>Дайындық</i>	<i>38-кестегі мысалдарды тақтага жазып қойыңыз.</i>

Жүргізілу барысы

- Бұл тапсырма арқылы оқушылар арасында жақсы қарым-қатынасты қалыптастыруға болады.
- Ең алдымен әр оқушыға ақ қағаз беріледі. Қағаз бетін үш бөліктен тұратын кесте сзызылады. 38-кестені үлгі ретінде қолдануға болады.
- Оқушылар қағаз бетіне өз есімдерін жазады. Алдымен парақтарын оң жақта отырған оқушыға береді, ол осы оқушының сипаттамасын жазады. Екінші оқушыға береді, ол мінездемесін жазады. Үшінші оқушы жақы қасиеттерін (қабілеттерін, дағдыларын) жазады.
- Бұл тапсырмаға барлық оқушы қатысу керек. Оны әртүрлі жолдармен ұйымдастыруға болады: шеңбер бойынша, топ бойынша, т.б.
- Тапсырма аяқталған оқушыларға парақтары қайтарылады. Олар оқып танысқаннан кейін, сынып қабырғасына іліп қойыңыз.

38-кесте

Сипаттама үлгілері: Сенің ... Сен ...	Мінездеме үлгілері: Сен ... адамсың/ жансың.	Қабілеттері сипаттау үлгілері: Сен ...
Сенің шашың әдемі әрі ұзын. Сенің көзің мөлдір әрі қара түсті. Сенің қолың кішкентай әрі жұмсақ. Сенің әдемі, түзу, ақ тістерің бар. Сен ұзын бойлы әрі сымбаттысың.	ақылды керемет жақсы мейірімді ашық сабырлы кеңпейіл жомарт	допты жақсы ұстай аласың, лақтыра аласың. сүреттерді жақсы саласың. сабақты өте жақсы оқисың. жақсы ән айтасың. әдемі би билейсің. шахматты жақсы ойнайсың. есепті жақсы шығарасың.

Қосымша

- Оқушыларға мінездеме, жеке қасиеттерін сипаттауға байланысты әдеби тіркестерді, тұрақты тіркестерді ұсынуға болады.

8. Тағамдар


8.1 Тамақтану диаграммасын сипаттау

<i>Тілдік деңгейі</i>	*
<i>Тілдік мақсат</i>	<i>Салыстырмалы және күшетпелі шырай, диаграмманы сипаттай.</i>
<i>Дағды</i>	<i>Жазылым</i>
<i>Ойлау әрекеті</i>	<i>Талдау</i>
<i>Оқыту әдісі</i>	<i>Шығармашилыққа ынталандыру – қателерді қабылдау</i>
<i>Қарым-қатынас түрі</i>	<i>Үлкен сыныптарға сай жұптық жұмыс</i>
<i>Дайындық</i>	<i>39-кестедегі диаграмма мен сөйлем ұлгілерін тақтага жазып қою қажет.</i>

Жүргізілу барысы

- Оқушыларға 39-кестедегі диаграмма беріледі. Оқушылар Арман, Анар және Дәуреннің бір күнгі тамақтану ерекшелігін анықтайды.
- Оқушылар жұпта диаграммадағы ақпаратты зерттейді, салыстырады. Сыныптастарымен ауызша ой бөліседі. Тақтада көрсетілген сөйлем ұлгілерін қолдана алады.
- Оқушыларға түсінікті болу үшін мұғалім олармен бірлесе отырып, ауызша сөйлем құрастырып көреді. Мысалы, бұл диаграммада уш оқушының бір күннің ішінде тамақтың қай түрлерін қолданатыны көрсетілген. Арман Анарға қарағанда жемістер, көкөністермен көбірек тамақтанады.
- Талқылап болған соң, оқушылар жұпта диаграммадағы ақпарат бойынша мәтін құрастырады.
- Оқушылар бірінші абзацта диаграмма туралы жалпы мәлімет жазады. Екінші және үшінші абзацтарда ұсынылған мәліметтерді салыстырып, талдау жазады.

39-кесте. Бір күнгі тамақтану диаграммасы



Ұлғи сөйлемдер:

Анар мен Арман етті тағамдарды өзге тамақ түрлеріне қарағанда аз қолданады. Ал Дәурен өз құрбыларымен салыстырғанда етті тағамдарды көбірек жеткілікті болып шықты.

Қосымша

- Төменгі сынып оқушылары үшін диаграмманы салыстырмалы шырайды қолдана отырып, қарапайым түрде сипаттаса да жеткілікті.
- Ал жоғары сынып оқушылар сандық мәліметті қолдана отырып, сипаттауы қажет.



8.2 Тамақтану пирамидасы

Тілдік деңгейі	*
Тілдік мақсат	Диаграмма құрастыру, тамақ түрлерінің атаулары
Дағды	Детальді тындалым, дұрыс жазу
Ойлау әрекеті	Ақпаратты сұрыптау
Оқыту әдісі	Тиянақтылыққа ынталандыру — қателерді түзету
Қарым-қатынас түрі	Үлкен сыныптарға сай жұптық жұмыс
Дайындық	Тақтаға тамақ пирамидасын сыйыңыз. 40-кестені қараңыз.

Жүргізілу барысы

- Оқушыларды тамақтану пирамидасымен және оның әр бөлігінде орналасқан тамақ түрлерімен таныстырыңыз. Кейбір тамақ түрлеріне мысалдар беруге болады.
- Оқушылар тамақтану пирамидасын көшіріп жазып алады және тамақ түрлерін жазуға бос орындар қалдырады.
- 40-кестедегі әр категория бойынша тамақ түрлерін бір-бірден араластырып оқисыз. Ал оқушылар оқылған сөздерді тамақ категориясы бойынша пирамида бөліктеріне жазады.
- Тапсырманы аяқтаған соң оқушылар бір-бірінің жауаптарын тексереді.

40-кесте. Диаграмма: тамақтану пирамидасы

Тамақтану пирамидасы	Тамақ түрлері мен категориялары
<p>Тәтті тағамдар Сүт, ет өнімдері, жұмыртқа Жеміс және кекөністер Дәнді дақыл өнімдері</p>	<p>Тәтті тағамдар: Печенье, бәліш, шоколад, джем, лимонад, кәмпитет.</p> <p>Сүт, ет өнімдері, жұмыртқа: Май, ірімшік, тауық, балық, сүт, шұжық, жұмыртқа.</p> <p>Жеміс және кекөністер: Алма, банан, сәбіз, лимон, манго, пияз, апельсин, бүршак, алмұрт, ананас, картоп, қызыанақ, қарбызы, қырыққабат.</p> <p>Дәнді дақыл өнімдері: Нан, ұн, паста, күріш, астық, тары.</p>

Қосымша

- Оқушылар тамақтану диетасына байланысты немесе өз қалауы бойынша тамақтану пирамидасын құрастыра алады.
- Кестеде көрсетілген тамақ түрлерінің қатарын толықтыруға болады.
- Сонымен қатар пирамидада көрсетілген тағамдардың адам ағзасына пайдасы жөнінде оқушылармен зерттеу жүргізуге болады және өздері ең пайдалы, дұрыс деп санайтын тамақтану пирамидасын жасай алады. Тамақтану пирамидасын қолдана отырып, оқушыларға тағамға байланысты жаңа сөздер үйретуге болады.

Менің үйім

Тілдік деңгейі	*
Тілдік мақсат	Реттік сан есімдер және үй заттары.
Дағды	Детальді тыңдау, дұрыс жазу
Ойлау әрекеті	Анықтау
Оқыту әдісі	Тиянақтылыққа ынталандыру – қателерді түзету
Қарым-қатынас түрі	Улкен сыйныптарға сай барлық сыйнып жұмысы

Жүргізілу барысы

- Алдымен 41-кестемен танысып шығыңыз.
- Бұл детальді тыңдалымға арналған тапсырма. Оқушыларға алдымен нұсқаулық беріп, кейін жиһаздар тізімін оқисыз. Оқушылар аталған тізімнен санның реті бойынша тұрған сөзді жазып алады. Мысалы, екінші сөзді жаз деген нұсқаулықты айтасыз. Тізімді оқисыз: үстел, орындық, диван. Оқушылар «орындық» деген сөзді жазып алады.
- Осылай етіп кестеде берілген тізімді ретретімен алдын ала нұсқаулық бере отырып оқып шығасыз. Оқушыларға сөзді жазып алуға уақыт керек болады. Тізімді бір қалыпты жылдамдықпен оқу қажет.
- Тапсырма аяқталған соң оқушылар жұпта бір-бірінің жауаптарын тексеріп көреді. Мұғалім дұрыс жауабын айтады. Қындық келтірген сөздердің жазылуына мән береді.
- Оқушылармен тапсырма, оның қындығы туралы талқылау жүргізуге болады.



41-кесте

Реттік сан бойынша нұсқаулық	Үй жиһаздарының тізімі
<p>Ушінші сөзді жаз.</p> <p>Екінші және бесінші сөзді жаз.</p> <p>Екінші, төртінші және бесінші сөзді жаз.</p> <p>Ушінші, алтыншы, жетінші және тоғызыншы сөзді жаз.</p> <p>Екінші, төртінші, бесінші, сегізінші және оныншы сөзді жаз.</p>	<p>Сагат, теледидар, орындық</p> <p>Телефон, шкаф, кілем, шам, ванна.</p> <p>Төсек, кресло, бақша, айна, кітап сөресі, үстел.</p> <p>Камера, шам, радио, төсек, телефон, диван, терезе, орындық, есік, ванна.</p> <p>Кілем, бақша, кітап сөресі, теледидар, сагат, төсек, есік, үстел, камера, қорап.</p>

Қосымша

- Бұл тапсырманы өзге де тақырыптағы сөздерді бекіту немесе тексеру үшін қолдануға болады.
- Үй жиһаздары тізімін қажетіне қарай өзгертуге болады.
- Оқушыларға қындық келтіреді деген сөздерді алдын ала үйретіп алған дұрыс.



Менің бос уақыттыңым

Тілдік деңгейі	*
Тілдік мақсат	Нақ осы шақ, қалып етістіктері
Дағды	Айтылым
Ойлау әрекеті	Анықтау және есте сақтау
Оқыту әдісі	<i>Тиянақтылыққа ынталандыру — қателерді түзету</i>
Қарым-қатынас түрі	Улken сыныптарға сай жаңын топ жұмысы

Жүргізілу барысы

- Сыныпты үш-үштен топқа бөліндіз. Әр топ бос уақытында айналысатын іс-әрекеттер туралы талқылай отырып, әр оқушы хобби түрлері ішінен ұшеуін таңдал алуы қажет.
- Әр топтан бір оқушыдан шығып, бос уақытында айналысатын хоббиді қимыл, мимикамен көрсетеді. «Мен не істеп жатырмын?» деп сұрақ қояды, ал оқушылар оның қандай хобби екенін табады.
- Оқушылар хоббидің немесе іс-әрекеттің қай түрі екен анықтай отырып, қалып етістіктерді нақ осы шақта дұрыс қолдана білуі керек. Оқушылар қимылмен көрсетіп жатқанда, әрбір топты аралап, қалып етістіктерді дұрыс қолдануына назар аударыңыз.

42-кесте

Сен ... жатырсың (отыр, тұр, жұр): теледидарап қарал, компьютер ойындарын ойнап, велосипед теуіп, футбол ойнап, бадминтон ойнап, кітап оқып, бейсбол ойнап, баскетбол ойнап, қуыршақ ойнап, бассейнде жүзіп, сурет салып, ән айтып, камерамен суретке түсіп, гитара ойнап, CD тыңдалап, пианино ойнап.

Қосымша

- Бұл тапсырманы мимика орнына сурет салдыру арқылы ұйымдастыруға болады.

Менің сүйікті телебағдарламам

Тілдік деңгейі	**
Тілдік мақсат	Саулнама, сұрақтар қою
Дағды	Айтылым: тиянақтылық және еркін сойлеу
Ойлау әрекеті	Мысалдар келтіру
Оқыту әдісі	<i>Тиянақтылыққа ынталандыру — қателерді түзету</i>
Қарым-қатынас түрі	Улken сыныптарға сай жуптық жұмыс
Дайындық	43-кестенің көшірмесін дайындау керек.

Жүргізілу барысы

- Оқушыларды бірнеше жұпқа бөліп, саулнама сұрақтарын үлестіріп беріңіз.
- Бір оқушы саулнама сұрағын қояды, ал екінші оқушы жауап беру барысында дайын шаблонды қолдана алады.
- Оқушылардың сұрақтарды дұрыс қойып, дұрыс жауап беріп жатқандығын тексеріңіз.
- Жұптардың рөлін ауыстыруға болады немесе өзге жұптармен алмастыруға болады.



5. Оқушылар бес адаммен сұхбат жүргізеді. Олар бұл тапсырманы аяқтаған соң саулнама қорытындысын айтады, ең сүйікті бағдарламаны анықтайды. *Мысалы, Бес баланың төрткеуді ... көреді. Олар оны әр ... сайын көреді. Олар оны ... үшін жақсы көреді.*
6. Сонымен қатар саулнама қорытындысы бойынша диаграмма жасауга болады.

43-кесте. Саулнама

Саулнама сұрақтары	Саулнама жауаптарына үлгі
1. Сенің ұнататын теле бағдарламаң қандай?	1. Менің ұнататын телебағдарламам
2. Ол теледидарда қай уақытта болады?	2. Ол теледидарда болады.
3. Ол нешеде басталады?	3. Ол басталады.
4. Ол қай арнада болады?	4. Ол арнасында болады.
5. Сен оны қаншалықты жіе көресің?	5. Мен оны әр сайын көремін.
6. Сен оны неге ұнатасың?	6. Мен оны үшін ұнатамын.

Қосымша

- Саулнама мазмұнын сынып деңгейіне сай өзгертуге болады.
- Саулнама нәтижесі бойынша қысқаша ақпараттық мәтін құрастыруға болады.